

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ**

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу
бағдарламасына**

ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ

МЕТОДИЧЕСКОЕ РУКОВОДСТВО

**к Общеобразовательной учебной программе в дошкольных
организациях**

**Астана
2016**

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
«Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы базасында әзірленген*

Әдістемелік нұсқаулық (Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу оқу бағдарламасына). – Астана, 2016 ж. – 57 бет.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу оқу бағдарламасына Әдістемелік нұсқаулық Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдардағы білім беру үдерісін әдістемелік қолдау мақсатында әзірленді.

Әдістемелік нұсқаулық «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде (2016 жылы 5 шілдедегі № 5 хаттама) қаралды және ұсынылды.

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту баланы жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес жан-жақты дамытуға, әлеуметтік дағдыларды қамтамасыз ететін адамгершілік нормаларды қалыптастыруға бағытталған білім беру жүйесінің негізі болып табылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің басты міндеті – Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын жаңарту және инновациялық әдістер мен технологияларды енгізу негізінде мектепке дейінгі білім беру қызметінің сапасын жетілдіру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үдерісінің басты бағыттары: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама) айқындалған баланы күту, бағу, дамыту, тәрбиелеу және оқуға даярлау.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының әдістемелік нұсқаулығы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдардағы білім беру үдерісін әдістемелік қолдау мақсатында әзірленді.

Әдістемелік нұсқаулық:

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың тәрбиелік, дамытушылық және оқыту міндеттерінің бірлігін;
- тәрбие мен оқытудың түрлерін, әдістері мен құралдарын;
- мектепке дейінгі ұйымдардың, сондай-ақ отбасы тәрбиесі міндеттерін;
- білім беру қызметін ұйымдастыруға қойылатын талаптарды қарастырады.

Әдістемелік нұсқаулық мақсаты - Үлгілік бағдарламаның тиімді іске асырылуын қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- оқу-тәрбие үдерісін балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру салаларын кіріктіру негізінде ұйымдастыру;
- мектепке дейінгі білім беру мен бастауыш мектептің сабақтастық ұстанымын іске асыру;
- мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту мәселелері бойынша педагогтар мен ата-аналарға әдістемелік көмек көрсету.

Мектепке дейінгі ұйымдар меншік нысанына қарамастан, осы Нұсқаулықты басшылыққа ала отырып, келесі міндеттерді орындайды:

- балалардың денсаулығы мен психикалық ахуалын нығайту;
- балаларды ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға баулу;
- балаларды интеллектуалды дамыту, рухани және адамгершілік негіздерін қалыптастыру;

- балалардың жеке қабілеттері мен дарындылықтарын дамыту;
- балаларды мектепте оқуға мақсатты түрде дайындау.

Мектепке дейінгі ұйымда білім беру процесі балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, оларды жан-жақты дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларын кіріктіру арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұны негізінде жүзеге асырылады.

Жаңартылған нормативтік құқықтық құжаттар мазмұны:

- балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларын қалыптастыруға;

- «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясына негізделген жалпыадамзаттық құндылықтарға, ұлтжандылыққа және төзімділікке тәрбиелеуге;

- баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы орта құруға;

- мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз етуге;

- балалардың физиологиялық, зияткерлік, адамгершілік, эстетикалық, коммуникативтік дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіруге;

- әртүрлі жастағы топтарда бағдарлама мазмұнын игеру бойынша мониторинг ұйымдастыруға;

- мектепке дейінгі ұйым мен отбасының бірлескен ынтымақтастығын қамтамасыз етуге бағытталған.

ОҚЫТУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫ, БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Мектепке дейінгі ұйымдарда балалармен жұмысты ұйымдастырудың мазмұны, әдістері мен түрлері білім беру үдерісінң негізі болып табылатын дидактикалық ұстанымдарға тәуелді. Барлық педагогикалық ұстанымдар бір-бірімен тығыз байланыста және баланың жеке тұлғасын қалыптастыруға бағытталған.

Ізгілік ұстанымы балалардың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға негіз болады.

Жүйелілік пен сабақтастық ұстанымдары мынадай дидактикалық ережелерге сүйенеді: белгіліден белгісізге, қарапайымнан күрделіге, жеңілден ауырға, білім, білік, дағдыларды біртіндеп және сабақтастықта игеру. Нәтижесінде балада табысты әрекетке және жаңаны тануға қызығушылық пайда болады.

Көрнекілік ұстанымы баланың көрнекі-қимылдық және көрнекі-бейнелік ойлауын қамтамасыз етеді.

Қолжетімділік ұстанымы оқу материалының баланың жасына және мүмкіндіктеріне сәйкестігін қарастырады.

Кіріктіру ұстанымы өтпелі тақырыптар арқылы білім беру салалары мазмұнының өзара байланысын қамтамасыз етеді.

Кіріктіру ұстанымына сәйкес бір білім беру саласындағы үдерісте екінші білім беру саласының міндеттерін бір уақытта шешуге болады. «Денсаулық» білім беру саласы бойынша оқу-тәрбие үдерісінде «Әлеумет» білім беру саласының дағдылары қалыптасады. Білім беру салалары мазмұнын кіріктіру балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес олардың міндеттерін біріктіру әдісімен жүзеге асырылады.

Білім беру үдерісі балалардың жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылатын жұмыстың түрі мен тәсілдеріне негізделеді. Педагогтың балалармен ұйымдастырылатын жұмыс түрі мен әдістерін таңдауы мектепке дейінгі ұйымның бағытына, жабдықталуына (материалдық-техникалық қорына), өңірлік ерекшеліктеріне, өзінің тәжірибесіне және шығармашылық әлеуетіне сәйкес жүзеге асырылады.

Балалармен білім беру әрекетінің бірнеше түрлері бар, олар: жеке- баланың мүмкіндіктерін қарастыратын жеке; топтық - бала саны 3 адамнан кем емес; жаппай - 6 адамнан артық.

Білім беру үдерісінде келесі әдістер қолданылады:

- сөздік
- көрнекілік
- практикалық
- ойын.

Сөздік әдістер: әңгіме, түсіндіру, әңгімелесу.

Әңгіме. Осы әдіс балалардың сөйлеуін дамытуда қолданылады және оқу материалының мазмұнын ауызша хабарлап баяндауды қарастырады. Әңгімеге мынадай педагогикалық талаптар қойылады:

- тәрбиелеу мен оқытудың рухани-адамгершілік бағытын қамтамасыз ету;
- нақты логикалық баяндау;
- эмоционалды болу;
- қарапайым және түсінікті сөзбен баяндау.

Түсіндіру. Түсіндіру әдісі:

- міндеттер, мәселелер мен сұрақтардың дәл және нақты болуын;
- оқу материалының ретімен ашылуын;
- салыстыру, беттестіру, үйлестіруді қолдануды;
- ашық мысалдар келтіруді талап етеді.

Әңгімелесу білімді нақтылау және түзетуде, оларды жалпылау мен жүйелеуде қолданылады. Әңгімелесу алдын-ала және жалпылау болып бөлінеді. Алдын-ала әңгімелесу жаңа тақырыппен таныстыру кезінде жүргізіледі. Жалпылау үшін әңгімелесу алған білімді жүйелеу және оларды алдағы уақытта кеңейту мақсатында жүргізіледі. Әңгімелесуді табысты жүргізу сұрақтардың дұрыс қойылуына байланысты болады. Сұрақтар қысқа, нақты, мазмұнды болуы керек. «Ия» немесе «жоқ» деген бірдей мағыналы жауаптарды талап ететін сұрақтарды қоюға болмайды. Әңгімелесу әдісі балалардың танымдық әрекетін белсендіруге, есті және сөйлеуді дамытуға ықпал етеді.

Көрнекілік әдістері:

Бақылау балалардың танымдық білімін қалыптастыруға, заттар мен құбылыстардың қасиеттері мен сапалары, жеке белгілері бойынша объектінің жағдайын белгілеу үшін жүргізіледі.

Қарастыру. Суреттерді, иллюстрацияларды, ойыншықтар мен заттарды қарастыру олардың мазмұнын жақсы түсінуге, көңіл-күйді білдіруге, көркемдік талғамын қалыптастыруға, көргеніне өзінің қатынасын және сурет өнері жанрларын (портрет, пейзаж, натюрморт) ажырата білуге ықпал етеді.

Көрсету. Суреттерді, мультфильмдерді, спектакльдерді және басқаларды көру балалардың эстетикалық, адамгершілік және эмоционалдық сезімдерін дамытуға мүмкіндік береді.

Практикалық әдістер:

Жаттығулар. Баланың жаттығуларды бірнеше рет қайталауы оның еліктеушілігін, құрастыру дағдысын, шығармашылық ойлау қабілетін қалыптастырады.

Модельдеу. Модельдеу процесі объектілердің қасиеттері, құрылымы, қатынасы, байланыстары туралы білімді қалыптастыруға ықпал етеді.

Экскурсия. Балалардың жаңа құбылыстарды танып білуі үшін экскурсия ұйымдастырылады. Балабақша ауласынан тыс экскурсияға дайындық кезінде педагог балалардың жастары мен дайындықтарына сәйкес экскурсияның жоспарын әзірлейді.

Тәжірибелер, эксперименттер. Педагог аталған шараны ұйымдастыру үшін табиғат құбылыстарын зерделеу мақсатында қажетті жағдайларды жасайды (өсімдіктерді егу, жануарларға күтім жасау, табиғаттағы өзгерістерді бақылау және т.б.).

Ойын әдістері – бұл мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудың табиғи жолы. Педагогикалық ойынның елеулі белгісі – педагогикалық нәтижеге сәйкес оқыту мақсатының нақты қойылуы. Ойынның қорытындысы екі бағытта ойын ретінде және оқу-танымдық нәтиже ретінде болады. Ойын мен оқытудың өзара байланысы қиялдау арқылы жүзеге асырылады. Оқытуда ойынның барлық түрлерін қолдану маңызды. Балаларды оқытуда ойынды ересектер ұйымдастырады. Оқытудың ойын әдістері педагогтен оқу-ойын диалогін арнайы әзірлеуді талап етеді.

Оқыту құралдары мынадай түрлерге бөлінеді:

- баспа (әдістемелік құралдар, оқып беру үшін кітаптар, хрестоматиялар, жинақтар, жұмыс дәптерлері, үлестірме материалдар және т.б.);
- Ғаламтор білім беру қорлары (интерактивті тақталар, проекторлар, компьютерлік техника);
- электронды білім беру қорлары (флипчарт сабақтар, интерактивті ойын жабдықтары, лекотека және т.б.);
- аудиовизуалды (слайдтар, слайд-фильмдер, цифрлы тасымалдағыштағы бейнефильмдер, компьютер ойындары және т.б.);
- көрнекіліктер: плакаттар, постерлер, иллюстрациялар, магнитті тақталар
- демонстрациялық гербарийлер, муляждар, макеттер, стендтер, көрсететін үлгілер;

- тренажерлар мен спорттық жабдықтар (сенсомоторлық жабдықтар, гимнастикалық жабдықтар, массажерлар, спорттық снарядтар, доптар және т.б.).

БІЛІМ БЕРУ ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Ұйымдастырылған оқу қызметтері барлық топтарда Үлгілік және Перспективалық жоспарларға сәйкес өткізіледі.

Перспективалық жоспарды өтпелі тақырыптар негізінде оқу жылының әрбір айына тәрбиеші және мамандар (қазақ, орыс, шет тілі мұғалімдері, музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы, логопед, медбике және т.б.) құрастырады, әдіскермен келісіледі және мектепке дейінгі ұйым басшысы бекітеді.

Перспективалық жоспар балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың білім беру, дамытушылық, тәрбиелік міндеттерін орындауды қарастырады.

Педагог білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында Перспективалық жоспарға, өтпелі тақырыптарға сәйкес балаларды қабылдаудан бастап, ұйымдастырылған оқу қызметін, серуен және балалардың үйге қайтуына дейінгі барлық күн тәртібінің сәттерін орындауды қамтитын Циклограмма құрастырады.

Циклограмма – бұл балалармен алдағы табысты жұмыстың түрін, мазмұнын, әдістері мен тәсілдерін таңдау және жұмыс уақытын тиімді пайдалану тәртібі.

Циклограмманы жоспарлауға қойылатын талаптар:

- ұйымдастырылған оқу қызметтерінің тақырыптары Перспективалық жоспарға сәйкес анықталады;

- өтпелі тақырыптың мазмұнына сәйкес бағдарламалық материалды бөлуде жүйелілік пен бірізділік ұстанымын сақтау;

- Бағдарлама мазмұнына сәйкес балалардың сапалы және толыққанды дамуы үшін жағдайларды қамтамасыз ету;

- балаларды тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз ететін инновациялық технологиялар, әдістер мен тәсілдерді қолдану;

- циклограмманың құрылымдық бөлімдерін сапалы жоспарлау үшін заттық-дамытушы органы қалыптастыру.

Циклограммада балалардың жас ерекшеліктері ескеріліп, өтпелі тақырыптарға сәйкес әрбір режимдік сәттің ұзақтығы анықталады.

Циклограммаға сәйкес күн тәртібі балаларды қабылдаудан басталады. Қабылдау кезінде педагог баланың денсаулығы және психологиялық жағдайы туралы ата-аналармен әңгіме жүргізеді.

Балалардың денсаулығын нығайту және сергек көңіл-күйге бөлеу мақсатында таңертеңгі гимнастика өткізіледі.

Таңғы астың алдында балалар қолдарын жуады, орындарына отырады. Педагог балалардың дұрыс отыруын, тамақты дұрыс ішуін, тамақтану құралдарын және майлықты қолдануын қадағалайды.

Таңғы астан соң кезекшілер (ортаңғы топтан бастап) үстелдегі ыдыстарды жинауға көмектеседі де басқа балаларға қосылады.

Педагог өтпелі тақырыпқа сәйкес ойындар өткізіп, ұйымдастырылған оқу қызметтеріне дайындалады.

Ұйымдастырылған оқу қызметтері Циклограммада анықталған тақырыпқа сәйкес өткізіледі. Ұйымдастырылған оқу қызметін өткізу үшін педагог алдынала қажетті әдебиетті, оқу-әдістемелік кешендерді, суреттерді, ойыншықтарды, аудио-бейне материалдарды және т.б. дайындап алуы қажет. Олар өтпелі тақырыпқа сәйкес және білім беру салаларын кіріктіруді қамтамасыз етуі тиіс.

Ұйымдастырылған оқу қызметтері аяқталған соң балалар серуенге шығады. Әрбір серуеннің мазмұны өтпелі тақырыпқа сәйкес болуы шарт. Серуенде табиғат құбылыстарын бақылау, еңбек әрекеті, қимылды ойындар және дербес ойын әрекеті ұйымдастырылады.

Серуеннен оралған соң балаларды өздігінен шешінуге, киімдерді шкафқа жинауға үйрету қажет.

Жуыну біртіндеп, шағын топтармен ұйымдастырылады.

Тамақтану кезінде педагог балаларды мәдени-гигиеналық дағдыларға, құралдарды қолдана білуге баулиды. Тамақтанып болған соң қолдарын жуады, киімдерін шешіп, ұйқыға дайындалады. Педагог балалардың тыныш ұйықтауына қолайлы жағдай жасайды.

Ұйқыдан тұрғаннан кейін педагог шынықтыру және сауықтыру шараларын өткізеді.

Балалар бесін ас ішеді және содан соң тәрбиеші топтың заттық-дамытушы ортасында дербес ойын әрекетін ұйымдастырады, балалармен жеке түзету жұмыстарын жүргізеді.

Серуенге дайындық. Балалар киініп, серуенге шығады, серуен барысында түрлі қимылды ойындар ұйымдастырылады.

Серуеннен келген соң гигиеналық шаралар жүргізіледі. Педагог ата-аналарға баласының жетістіктері туралы ақпарат, ата-аналарды қызықтыратын сұрақтары бойынша кеңестер береді.

Циклограмма құрастыруда педагогте:

-таңертеңгі гимнастика кешендерінің тізбесі;
-ойындардың картотекасы (дидактикалық, сюжетті-рөлдік, қимылды және т.б.);

- ұйымдастырылған оқу қызметін өткізуге арналған ОӘК болуы керек.

Педагог перспективалық жоспарға сәйкес қажетті әдебиеттерді (ертегілер, әңгімелер, өлеңдер, жұмбақтар және басқаларды), оқу-әдістемелік құралдарды, иллюстрациялар, ойыншықтар мен ойындарды және басқа да материалдарды таңдайды.

Білім беру әрекетінің тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында педагог балаларды тәрбиелеу мен оқытудың түрлерін, құралдарын, әдістері мен тәсілдерін анықтайды.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің құрылымы:

I. Кіріспе бөлім (тақырыпқа ену, өткен материалды қалай игергенін білу үшін жетелеуші сұрақтар, жаңа тақырыпқа біртіндеп көшу).

II. Негізгі бөлім (жаңа тақырыпты ашу).

III. Қорытынды бөлім (қайталау және бекіту).

Үлгілік бағдарламаны іске асыру әр балада оқу жылының соңында күтілетін нәтижелерге қол жеткізу үшін білім, білік және дағдылардың қалыптасуын болжайды.

Балаларды дамыту және тәрбиелеу үшін жағдай жасау

Мектепке дейінгі ұйымдарда балаларды дамыту және тәрбиелеу үшін жағдай жасау:

- балалардың өмірі мен денсаулығы қорғауды;
- жаңартылған нормативтік құқықтық құжаттар талаптарына сәйкес материалдық-техникалық базаның қамтамасыз етілуін;
- білікті педагогтер және мамандармен қамтамасыз етуді;
- тәрбиелік, дамытушылық және білім беру міндеттердің біртұтастығын;
- өтпелі тақырыптарға сәйкес білім беру салаларын кіріктіруді;
- білім беру мазмұнының балаларға артық жүктеме түсірмеуін;
- балалардың бір-біріне мейірімді қарым-қатынасын ересектердің қолдауын;
- балалардың бойында ұлтжандылық және төзімділікті, Отанға және туған-туысқандарына сүйіспеншілікті қалыптастыруды;
- білім беру процесін ұйымдастырушылық-әдістемелік қолдауды қамтамасыз етуді;
- баланы тәрбиелеу мен дамыту және инклюзивті білім беру мәселелері бойынша педагогтер мен ата-аналарға қолдау көрсетуді қарастырады.

Балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейіне диагностика жүргізу

Мектеп жасына дейінгі балаларға диагностика жүргізу – күтілетін нәтижелерге сәйкес біліктер мен дағдылардың даму деңгейлерін анықтау. Диагностика жүргізудің негізгі әдісі – күнделікті өмірде баламен жүргізілетін бақылау әдісі.

Диагностиканың мақсаты – балалардың дамуы туралы мәліметтерді алу және әрбір баланың жеке көрсеткіштерін ескеріп, педагогикалық процесті дер кезінде түзету.

Педагог әрбір баланың даму динамикасы мен болашағын ұйымдастырылған оқу қызметі барысында, оның құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынасы кезінде, ойын әрекеті, режимдік сәттерде белгілейді.

Диагностика оқу жылының басында, ортасында және соңында жүргізіледі (бастапқы, аралық және қорытынды бақылау): бастапқы (қыркүйек), аралық (қаңтар), қорытынды (мамыр).

Бастапқы бақылау алдыңғы жас тобындағы деректер (II жартыжылдықтың күтілетін нәтижелері) негізінде жүргізіледі. Осы диагностика негізінде педагог психолог және педагог-мамандармен бірге баланың жеке даму деңгейін, сондай-

ақ баланы жыл бойы педагогикалық қолдауды талап ететін міндеттерді анықтайды.

I жарты жылдықтың қорытындысы бойынша *аралық диагностика* (қаңтарда) жүргізіледі. Аралық педагогикалық диагностиканың жүргізілу мақсаты балаға берілетін білім беру стратегиясының дұрыс таңдалғанын бағалау, даму динамикасын айқындау болып табылады. Аталған диагностика түрінің нәтижелері бойынша педагог қажет болғанда педагогикалық процеске түзету енгізеді.

Қорытынды диагностика оқу жылының соңында (мамырда) II жартыжылдықтың күтілетін нәтижелері негізінде жүргізіледі. Мониторинг нәтижелері бойынша баланың біліктері мен дағдыларының деңгейі анықталады және бала дамуының жаңа міндеттерін ескеріп, келешекте әрі қарай жүргізілетін жұмыс жоспарланады.

Мониторинг нәтижелері әр баланың болашақта дамуын және жеке динамикасын белгілейтін Бақылау парағына толтырылады.

Әрбір баланың игеру нәтижелері 3 деңгеймен айқындалады:

1-деңгей – бала белгілі бір қимыл мен біліктерді қайталай алады;

2-деңгей – бала белгілі білім қорына ие, не істеп жатқанын түсінеді;

3-деңгей – бала өзінің білетінін жасай алады, білімін өз бетінше шығармашылықпен қолданады.

Педагог алынған мәліметтер негізінде Бақылау парағында біліктер мен дағдыларды теңестіру бойынша қосымша жұмысты қажет ететін балаларды анықтайды.

Біліктер мен дағдыларды теңестіру бойынша жұмысты ұйымдастыру үшін әрбір балаға Жеке карта толтырылады.

Жеке картада мамандармен бірге диагностиканың әр кезеңінен соң баламен әрі қарай жүргізілетін жұмыс жоспарланады (бастапқы, аралық және қорытынды бақылау).

Педагог Жеке карта негізінде:

- баланың алдағы даму траекториясын анықтайды;

- үйде баламен жеке жұмыс жүргізу бойынша ата-аналарға ұсынымдар береді;

- жұмысты оң нәтижелерге қол жеткізгенге дейін ұйымдастырады.

Педагог топтың бақылау парағын мектепке дейінгі ұйым бойынша «Жинақ есеп» құрастыру үшін әдіскерге тапсырады.

Мониторинг нәтижелері:

- күтілетін нәтижелерге сәйкес балалардың біліктері мен дағдыларының деңгейлерін анықтауға;

- мектепке дейінгі ұйымның және топтың болашақтағы әрекетін болжауға мүмкіндік береді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың даму мониторингі дамудың түрлі кезеңдерінде динамиканы белгілеуге, балалардың жеке дамуына сауатты түрде

педагогикалық қолдау көрсетуге және балалармен алдағы жұмысты түзетуге мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі білім берудің жаңартылған мазмұнын және әдістемелік тәсілдерді іске асыру барысында балаларда:

1) дене бітімі дамыған;

2) білуге құмар;

3) белсенді;

4) эмоциялық елгезек;

5) үлкендермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасау құралдары мен өзара іс-қимыл тәсілдерін меңгерген;

6) өзі, отбасы, қоғам (жақын әлеумет), мемлекет (елі), әлем және табиғат жөнінде алғашқы түсініктері бар;

7) мектепте оқуға қажетті біліктер мен дағдыларды игерген мектепалды даярлық сыныбы (тобы) түлегінің моделін сомдайтын дағдылары қалыптасады.

Іс-әрекет түрлері

Үлгілік бағдарламаның мазмұнын іске асыруда педагогикалық процесті ұйымдастыруда баланың қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне, оның күні бойы жан-жақты және үйлесімді дамуына бағытталған іс-әрекеттің алуан түрлерін қолдануды қарастырады. Барлық іс-әрекет түрлері баланың дағдыларын қалыптастыруға және білімі мен біліктерін дамытуға бағытталған.

Іс-әрекет түрлері: ойын, еңбек, танымдық-зерттеу, коммуникативтік, бейнелеу, құрастыру, музыкалық және т.б.

Ойын әрекетін ұйымдастыру

Іс-әрекеттің бұл түрі педагогтан зейін, ойлау, қабылдау, қиялдауды дамытуға ықпал ететін, балалардың ойынға, кеңістікті бағдарлауға, заттарды түсі, пішіні, көлемі бойынша ажыратуға қызығушылықтарын дамытатын әдістерді қолдануды талап етеді.

Ойын – мектеп жасына дейінгі балалар әрекетінің жетекші түрі және оларды қалауы бойынша біріктіретін, өз бетінше әрекет ететін, өзінің ойларын жүзеге асыратын, әлемді танитын өмірінің ерекше түрі. Ойын әрекеті әрбір баланың денесінің және психологиялық дамуына, адамгершілік-жігерлік қасиеттерді, шығармашылық қабілеттерді тәрбиелеуге ықпал етеді. Ойын әрекеті ересек пен баланың қатысуымен күн тәртібінің сәттерінде, сондай-ақ оның дербес іс-әрекетінде ұйымдастырылады.

Ойындар күрделілік дәрежесі бойынша жылдам, орта және баяу қозғалысты болып бөлінеді. Жылдам қимылды ойынға барлық топ қатысады, орташа қимылды ойынға барлық топ белсенді қатысады, бірақ қимыл сипаты бәсеңдеу, баяу қимылды ойында қимылдар баяу қарқында орындалады.

Ойындар екі топқа бөлінеді: сюжетті-рөлдік және ережесі бар ойындар. Сюжетті-рөлдік ойындар: театрландырылған ойындарды; тұрмыстық тақырыпқа құрылған ойындарды; ермек ойындары және ойын-сауықтарды; конструкторлармен және табиғи материалдармен ойналатын құрылыс

ойындарын және т. б. қамтиды. Сюжетті-рөлдік ойындар балалардың шығармашылық қиялын танытуына, заттар мен ойыншықтарды қолдана білуіне, түрлі әрекеттерді ойлап табуына, ойынға белсенді қатысуына ықпал етеді.

Ережесі бар ойындар: дидактикалық ойындар (заттармен және ойыншықтармен ойналатын ойындар, сөздік дидактикалық ойындар, үстел үсті ойындары, музыкалық-дидактикалық ойындар) және қимылды ойындар (сюжетті, сюжетсіз, спорттық элементтері бар ойындар).

Балалар өзінің ізденістік әрекетін қарапайым түрде жоспарлауға үйренеді, түрлі белгілері бойынша заттарды салыстыру ойындарына қатысады, талдауға, салыстыруға, жіктеуге үйренеді.

Ережесі бар ойындар:

- қозғалыс белсенділігін, ойлауды, сөйлеуді, есті, қиялды, ерік-жігерді дамытуға;

- адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеуге;

- баланың тұлғасын қалыптастыруға бағытталады.

Педагогтар кіші жастағы балаларға жеке ойын алаңдарын (шымылдық, құрылыс материалдары, сюжетті-рөлдік ойындарға атрибуттар, алмастырушы-заттар) жасайды.

Педагог ортаңғы топта балалар шағын топтарға бірігіп, кез-келген сюжетті-рөлдік ойындарды дамыту үшін ойын аймағын белгілейді. Педагог ойынды ұйымдастыра отырып серіктестің позициясын ұстанады: баланы рөлдік сөйлеуге ынталандырып, әрекетінің мәнін түсіндіріп беруін сұрайды.

Ересек топта педагог балалар еркін ойнай алатын, өздері ойын ойлап шығаратын, сюжетті дамыту барысында ортаны өзгерте алатын ойын кеңістігін ұйымдастырады. Ересек жастағы балалар режиссерлік ойындарға қызығушылық танытады. Олар үшін ойын шығармашылығына, импровизациялауға бағытталған ұсақ ойыншықтар (машиналар, қуыршақтар), әртүрлі заттар (мата, текшелер және т.б.) негізгі қызмет атқарады. Драмалық ойындар - рөлді орындауда өз әрекеттерін (дауыс ырғағы, ым-ишара, пантомима) мәнерлілік құралдар кешенінің көмегімен орындайтын театрландырылған ойындардың бір түрі.

Педагогтер ұйымдастырылған оқу қызметінде ойын әрекетінің құрамдас бөлігі ретінде жұмбақтарды кеңінен қолданады. Жұмбақтардың мазмұны түсінікті, зат немесе құбылыстың сипаттамасы толық және нақты болуы тиіс. Жұмбақ қызықты, сауатты, бейнелі, ойын сипатында болуы қажет.

Танымдық-зерттеу әрекетін ұйымдастыру

Балалардың танымдық белсенділігі баланың даму деңгейлері көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Балада туылғаннан бастап жылдан-жылға кеңейтілетін қоршаған ортаны тануға қажеттілік пайда болады. Бала қоршаған ортаны зерттеуге сезімдері мен қимылдарының көмегімен тануға талпынады. Балалардың танымдық әрекетін ұйымдастыру мен дамыту үшін білуге құмарлықты, қызығушылықты, қиялды белсендіру қажет. Танымдық әрекеттің нәтижесінде балада заттарды түрлі белгілері бойынша (пішіні, көлемі, түсі бойынша) өлшеу мен салыстыру қабілеттері дамиды.

Коммуникативтік әрекетті ұйымдастыру

Коммуникативтік әрекет баланың мектепке дейінгі ұйымда болатын барлық уақытында жүзеге асырылады. Бұл әрекет баланың қоршаған адамдармен өзара әрекеттің әдістері мен құралдарын меңгеруін, ересектермен және құрбыларымен қарым-қатынас жасай білуін қарастырады. Педагогтың міндеті – баланы барлық дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету, сөздік қорды және байланыстырып сөйлеуді қалыптастыруға ықпал ету.

Бейнелеу іс-әрекетін ұйымдастыру

Мектепке дейінгі ұйымдардағы бейнелеу өнері эмоционалды, психикалық процестерді (зейін, елестету, қиялдау) белсендіруші болып табылады және қоршаған шындықты эстетикалық қабылдауды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сурет салу, мүсіндеу, жапсыруға үйрету бірінші кезекте қимылдарды үйлестіруді, қолдың ұсақ моторикасын, бейнелеу өнерінің негізгі дағдылары мен біліктерін дамытуды қарастырады.

Музыкалық іс-әрекетін ұйымдастыру

Музыкалық іс-әрекет балалардың музыканы қабылдауын, тыңдауын, музыкалық-ырғақты қимылдарды дамытуды және тілдік белсенділікті қалыптастыруды қарастырады. Педагог балаларды шығарма кейіпкерлерінің бейнелерін жасау үшін мәнерлілік құралдарын (ым-ишара, эмоция, дауыс тембрі) таба білуге үйретеді.

Көркем іс-әрекетті ұйымдастыру

Көркем әрекет балалардың сөйлеу әрекетін сюжетті-рөлдік ойындар, шығармаларды тыңдау, оқып беру, айтып беру, драматизация ойындары арқылы дамытуды қарастырады.

Драматизация – бұл сюжетті-рөлдік әрекетті қамтамасыз ететін әдеби шығармалар мен ертегілерді рөлдерге бөліп ойнау, сахналау. Драматизация ойындары үшін әдеби шығармаларды таңдауда педагог сюжеттің мазмұнына, диалогтердің, қысқа монологтердің болуына, көркем тілдің мәнерлілігіне назар аударуы керек.

Мазмұндау дағдыларын қалыптастыру, сөйлеу мәнерін және импровизацияны игеру үшін алдын-ала иллюстрацияларды қарау, сондай-ақ балаларға аудио-бейне жазбалардың көмегімен шығарманы және педагогтың мәнерлеп оқуын тыңдауға мүмкіндік беру қажет. Сондай-ақ балалардың қоршаған орта туралы түсініктерін және шығармалардың кейіпкерлерінің қимылдары мен қылықтарына қатынасын бекітетін, тірі және өлі табиғатты бақылауда әдеби шығармаларды қолдауды, серуендер мен саяхаттарды ұйымдастыру қажет.

Еңбек іс-әрекетін ұйымдастыру

Еңбек әрекеті мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың құрамдас бөлігі, балалардың еңбек дағдыларын қалыптастырудың негізгі қоры болып табылады.

Еңбек әрекетін ұйымдастыру балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді, жауапкершілік пен дербестікті тәрбиелей отырып, өмірде қажетті біліктер мен дағдыларды қалыптастырады, өзінің күшіне сенімділікті нығайтуға ықпал етеді. Еңбекке үйретуде қолдардың ұсақ бұлшық еттері дамиды, қол мен көздің үйлесімділігі жетіледі. Педагогтың міндеті баланы дәл және ұқыпты қимыл

жасай білуге, бастаған ісін аяқтауға үйрету, нәтижеге жету үшін шыдамдылық пен тұрақтылық танытуға және ересектердің еңбегіне қызығушылықты тәрбиелеу.

Құрастыру іс-әрекетін ұйымдастыру

Құрастыру әрекетін қалыптастыру – баланың көрнекі-қимылдық және бейнелі ойлауын дамытудың маңызды кезеңі. Бала құрастыра отырып, талдау қабілеттілігін, құрамдас элементтерді бөлуді, оларды бір-бірімен салыстыруды үйренеді. Заттарды түсі, пішіні, көлемі бойынша анықтауы қалыптасады, сондай-ақ кеңістік қатынастарды (оңға, солға, жоғары, төмен, артында, алдында, қатар) қабылдауы жетіледі. Педагог қол мен көздің үйлесімділігін жаттықтыру, жұмысқа ынтасы, шыдамдылығы, еңбексүйгіштіктің қалыптасуы үшін жағдайлар жасауы керек.

Ата-аналармен жұмыс

Педагогтың ата-аналармен жұмысы отбасына бала тәрбиесіне қатысты көмек беруді ұйымдастырудан басталады. Отбасы бала үшін – қоғамдық тәжірибенің қайнар көзі. Мұнда ол үлкендерге еліктейді, рухани-адамгершілік және жалпы адамзаттық құндылықтардың негіздері қалыптасады. Педагог баланың жан-жақты даму мәселелері бойынша ата-аналарға кеңес беретін білім, білік, дағдыларды игеруі тиіс.

Осы мақсатта мектепке дейінгі ұйым педагогы келесі міндеттерді атқарады:

- баланың отбасындағы тәрбие жағдайын үнемі зерделейді;
- отбасы мүшелерімен сыйластық қарым-қатынасты орнатады;
- балалардың қатысуымен тәрбиелік шараларды ұйымдастыруда отбасын қызықтырады;
- баланы отбасында дамыту мен жетілдіру үшін жағдайлар жасауға кеңестер береді;
- ата-аналарды баланың күтпеген және қызықты жағымды жетістіктері туралы ақпараттандырады;
- ата-аналарға педагогикалық көмек көрсетудің алуан түрлері мен әдістерін қолданады.

Ата-аналармен жұмыстың барлық түрлері жеке, ұжымдық және көрнекі-ақпараттық болып бөлінеді.

Мектепке дейінгі ұйым мен отбасының бірлескен әрекетінің маңызды түрлерінің бірі – әрбір ата-анамен жеке жұмыс. Жұмыстың бұл түрінің артықшылығы отбасының ерекшелігін зерттеу арқылы ата-аналармен әңгімелесу, топта және үйде ата-аналардың балалармен қарым-қатынасын бақылаудан тұрады, педагог баланы бірлесе тәрбиелеудің нақты қадамдарын анықтайды.

Ата-аналармен жұмыстың ұжымдық түрі – ата-аналар жиналысы, шағын жиналыстыр, педагогикалық консилиумдар, ата-аналар конференциялары, тренингтер және т.б.

Көрнекі құралдарды мақсатты және жүйелі түрде қолдану мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу міндеттері, мазмұны, әдістерімен ата-аналарды

таныстыруға, баланы тәрбиелеу мен дамытуда отбасына практикалық көмек көрсетуге ықпал етеді.

1 жастан 2 жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту (ерте жас тобы)

Баланың даму ерекшеліктері

Осы жастағы балаларда ұйқы мен сергектік арасындағы арақатынас өзгереді. Бірінші жартыжылдықта белсенді сергек болу уақытының ұзақтығы-3-4 сағат; екінші жартыжылдықта 4-5,5 сағат.

Баланың тік жүруі негізгі қимылдардың анағұрлым күрделі түрі болып табылады, ол қоршаған ортаны тануына және орталық жүйке жүйесінің айтарлықтай дамуына ықпал етеді. Іс-әрекеттің осы түрлерінің қалыптасуы барысында кеңістікте бағдарлану аясы кеңейеді. Жүру баланы жағымды көңіл-күйге бөлейтін қимылдың жетекші түріне айналады.

Екінші жылдың соңында қимылдардың үйлесімділігі жетіледі: бала қадамдары шапшаң бола бастайды, жүгіреді, жолдағы шағын кедергілерден өтеді. Жүруге машықтануға сәйкес қимылдың тепе-теңдігін сақтайтын қолдың қимылдары дамиды. Қимылдардың қарапайым түрлерін меңгеру барысында заттардың пішіні мен көлемін, олардың қасиеттері мен орналасуын қабылдайды.

1 жастан асқан балада ересек адамдардың тілін түсінуі және сөйлеу белсенділігінің дамуы, сенсорлық дамуы, заттармен әрекеттің және ойындардың, қимылдарының, өзіндік дағдыларының дамуы қалыптасады.

Осы кезеңде сөйлеуді үйренуге, ересектерге еліктеуге, оның тілін түсінуге ерекше құштарлығы байқалады. Баланың сөздік қоры толықтырылады, ол сөйлей бастайды. Бала жеңіл дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтады. Баланың сөйлеуі қарым-қатынас құралы болып табылады.

Бала 1 жас 6 айға дейінгі кезеңде ересек балалар мен ересектердің қимылдарына қарап, өзінің көргенін қайталайды. Заттық әрекеттің жинақталған тәжірибесінің және ересектермен қарым-қатынастың нәтижесінде балада сюжеттік-бейнелеу ойыны пайда болады, заттарды салыстыруды үйренеді.

Заттық әрекет барысында балада сөйлеуді меңгерумен қатар көрнекі-әрекеттік ойлау қалыптасады.

1 жастан 2 жасқа дейінгі кезеңде бала эмоционалды дамиды, шақырғанда жауап береді және музыканы, көркем сөзді сезеді, музыкамен қимылдау қабілеті пайда болады.

Осы жаста бала ұқыптылықты сақтауға дағдыланады, қарапайым тәртіп ережелерін орындайды, ересектің талаптарына бағынады және олардың тапсырмаларын орындайды, өзінің бастамасы бойынша ересекке жүгінеді.

1 жастан 2 жасқа дейінгі балаларда режимдік сәттер барысында жуыну, киіну, шешінудің қарапайым дағдылары қалыптастырылуы, түбекке сұрана білуі және ұқыптылыққа, жинақылыққа үйренеді.

Балалардың тіршілік әрекетін ұйымдастыру

Балалар өмірінің екінші жылында психофизиологиялық ерекшеліктеріне қарай екі топқа бөлінеді:

бірінші - 1 жастан 1 жас 6 айға дейін;

екінші – 1 жас 6 айдан 2 жасқа дейін.

Әрбір жас тобына өз күн тәртібі ұсынылады.

1 жастан 1 жас 6 айға дейінгі балалар күніне екі рет, ал 1 жас 6 айдан 2 жасқа дейінгі балалар бір рет ұйықтайды.

Жылдың суық және жылы мезгілдеріне сәйкес шағын топтар бойынша күн тәртібі жасалады.

Ауа-райы жағдайларына байланысты екінші шағын топтың балалары күніне 1-2 рет серуенге шығады.

Жылдың жылы мезгілінде топтағы барлық балаларды тәрбиелеу процесі балабақшаның арнайы көгалдандырылып, жабдықталған алаңында ұйымдастырылады.

Күн тәртібінің сәттері: тамақтандыру, ұйқы, гигиеналық және сауықтыру-шынықтыру шаралары ғимаратта өткізіледі.

Сауықтыру-шынықтыру шаралары табиғи факторларды: яғни ауа, күн, суды қолдану арқылы өткізіледі. Топта ауаның температурасы +21-22°C, жатын бөлмесінде +15-16 °C құрайды.

Жаз мезгілінде серуеннен кейін шынықтыру шаралары әр баланың денсаулық жағдайларын ескере отырып қолдарды, аяқтарды жуу арқылы жүргізіледі.

1 жастан 2 жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту Үлгілік оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылады және баланың дене, ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық дамуы, білім, білік және дағды негіздерін қалыптастыруды қарастырады.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 7-15 минутты құрайды.

Ұйымдастырылған оқу қызметі:

- 1 жастан 1 жас 6 айға дейінгі балалармен сергектік кезеңінің екінші жартысында;

- 1 жас 6 айдан 2 жасқа дейінгі балалармен таңертеңгі және кешкі сергектік кезеңдерінде өткізіледі.

Осы жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту мазмұнын игеру білім беру салаларын кіріктіру және заттық- дамытушы ортаны қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің мазмұнына негізгі қимыл түрлері: жүру, еңбектеу, өрмелеу, лақтыру, домалату, кейбір ойын түріндегі жалпы дамытушы жаттығулар, қимылды ойындар және ойын жаттығулары (олардың көпшілігі заттармен және еліктеушілік сипатта болуы тиіс) енеді.

Осы жастағы балалармен ұйымдастырылған оқу қызметінде және күн тәртібінде көбірек тосын сәттерді, әртүрлі ойыншықтардың кенеттен пайда болып және жасыруды қолдану ұсынылады. Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында балаларды ересектің айтқан сөздері мен сөйлемдерін қайталауға, іс-әрекеттеріне еліктеуге ынталандыру маңызды.

Ерте жас тобындағы балаларда табиғат туралы қарапайым түсініктер қалыптасады. Балалардың сенсорлық дамуы психикалық процестердің дамуын қамтиды. Бала заттармен әрекет жасай отырып, байланыс пен тәуелділікті

орнатады, қол саусақтарының қимылын жетілдіруге, ойлау, қиял, ес, қабылдауды дамытуға ықпал ететін белгілерді жалпылайды. Тәрбиеші серуенде балаларды ағаштарды, гүлдерді, шөпті ажыратуға үйретеді, оларға ұқыпты қарауға баулиды.

Педагог 2 жасқа қарай балаларды нақты бір гүлді, ағашты, шөпті табуға және оларды көрсетуге үйретеді.

Бұл жаста балалардың өсімдіктер мен жануарларға қызығушылығы дамиды, оларға қамқорлықпен қарауға үйренеді. Балалар тәрбиешінің табиғат бұрышындағы өсімдіктер мен жануарларға күтім жасауына көңіл бөледі.

Күн тәртібінде 1 жастан 1 жас 6 айға дейінгі балалармен негізгі қимыл түрлерін дамыту және үйлестіру қарастырылады. Балаларды жүру түрлеріне: тура жолдың бойымен, ересектің көмегімен және көмегінсіз гимнастикалық тақтай бойымен жүруге, ересектің көмегімен биік емес заттарға шығу және одан түсуге; еденде жатқан түрлі заттардан (лентадан, арқаннан, таяқтан) аттап өтуге үйрету.

Еңбектеу жаттығуларында балаларды төрттағандап арқанның, доғаның, орындықтың астынан еңбектеп өту; биік емес заттардан еңбектеп өту; бөренелер арқылы өту; параллель жатқан арқандардың арасынан (жол бойымен) еңбектеу; құрсаудың ішіне еңбектеп кіруге үйрету, сондай-ақ, биіктігі шамамен 1 м болатын шағын сатыны пайдаланып, оның бойымен жоғары, төмен өрмелеуге үйрету.

Сәбилер доппен ойнағанды жақсы көреді, оларды жастарына сәйкес доппен әрекет жасаудың әдістері мен тәсілдеріне үйрету: екі қолмен және бір қолмен лақтыру; әртүрлі өлшемдегі доптар мен шарларды жинау, оларды себетке (жәшікке) салу; шарларды домалату; допты екі қолмен алға қарай лақтыру; допты алға қарай домалату (отырып, тұрып); төменге, алысқа лақтыру.

Осы жастағы балалардың сурет салуға қызығушылығын түрлі ойын тәсілдерін қолдану арқылы тәрбиелеуге болады.

Балаларды бояулардың ашық түстеріне эмоционалды көңіл-күйін білдіруге; қарындаштармен, фломастерлермен сурет салуға қызықтыруға, көрсету, әңгімелесу және жағдаятты ойнату арқылы қағаз парағын ашық түсті жақпалармен, дақтармен толтыруға үйретеді.

1 жас 6 айдан 2 жасқа дейінгі балалармен күн тәртібінде негізгі қимылдарды біртіндеп күрделендіруді қарастыру керек. Педагог балаларды түрлі заттардың және спорттық құралдардың арасымен және оларды аттап жүруге, қолдарына зат ұстап, бағытты өзгертіп, доптың артынан жүруге үйретеді; еліктеушілік сипаттағы жүру, еңбектеу, өрмелеудің және доппен қимылдардың күрделі түрлерін кеңінен қолданады.

Жалпы дамытушы жаттығулар еліктеушілік және импровизациялық сипатта болады, тәрбиеші үнемі белсенді балаларды мадақтап және жасқаншақ, икемсіз балаларды өзінің жағымды көңіл-күйімен баулиды, жаттығуларды көрсетеді және балалармен бірге орындайды.

Ұйымдастырған оқу қызметін ұйымдастырудың негізгі формасы- топпен, жұппен, өз бетінше ойналатын қимылды ойындар болып табылады.

Ересектер балаларды қажет болған кезде қол орамалды қолдана білуге; сүлгі мен өз заттарының сақталатын, үстел басындағы өзінің отыратын орнын, киімдерін жинастыратын шкафын білуге үйретуі тиіс.

Педагог балаларға денсаулықты сақтауға ықпал ететін қарапайым әрекеттерді: ұсақ заттарды аузына салмауды, өткір заттарды қолына ұстамауды, баспалдақтан аттап өтпеуді, электр құралдарын, ажыратқыштарды, розеткаларды ұстамауды үйретеді.

Осы жастағы балалармен мазмұны оларға түсінікті жеңіл шығармалар, ертегілер, әңгімелер мен өлеңдерді тыңдай білуге үйрету жұмысы жүргізіледі.

Шығарма кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, халық туындыларының, өлеңдердің, әндердің ырғағына және әуеніне эмоционалды көңіл-күй білдіруге баулиды.

Балалардың даму деңгейіне байланысты міндеттер күрделене түседі. Сәбилерді затты түсі, пішіні мен шамасына сәйкес тани білуге үйрету жүргізіледі.

Бағдарламалық материалды игерту барысында балаларды кейбір көкөністер мен жемістерді тани білуге үйрету, оларды табиғи түрде және суреттерден тануға жаттықтыру; судың қасиеттері туралы әңгімелеп беру: төгіледі, суық, сумен жуынады, суда шомылады. Тәрбиеші құмның қасиеттерімен таныстырады: құрғақ, шашылады, дымқыл болғанда пішінін жақсы сақтайды.

Осы жас кезеңінде балаларды қарындашты, фломастерді қолдана білуге, сызықтарды жүргізуге үйрету және жаттықтыру жұмысы жалғасады.

Мүсіндеу ұйымдастырылған оқу қызметінде балалар сазбалшықпен, оның қасиеттерімен (жұмсақ, тегіс, оны қысқанда саусақтардың, алақанның пішінін қабылдайды) танысады. Балалар мүсіндеу тәсілдеріне алақандар арасында шарларды домалатуға, дөңгелек, жазық пішінді түрлі заттарды мүсіндеуді үйренеді.

Музыкаға, ән айтуға, музыкалық-ырғақтық қимылдарға қызығушылығы дамиды және оны қолдайды.

2 жастан 3 жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту (бірінші кіші топ)

Баланың даму ерекшеліктері

Осы жастағы баланың өзіне тән ерекшелігі: әртүрлі қимылдарға қажеттілігі, оларды орындауға қызығушылығы мен ниетінің болуы.

Баланың осы жаста қимылдары үйлесімді, барынша дербес бола бастайды. Белсенді сергектік ұзақтығы 6-6,5 сағатқа артады. Бала өзін жеке тұлға ретінде сезінеді және «Мен» деп айтады. Дыбыстарды айтуы біршама жетіледі. Екі-үш жастағы бала сөйлеуіндегі өзіне тән сипаттық ерекшелігі: үнемі сөйлеуі, ойын мен барлық іс-әрекеттерді сөзбен сүйемелдеуі.

Екі-үш жастағы баланың негізгі дамытушы әрекетінің түрі ойын болып табылады. Бала алдын-ала құрастырған ойы бойынша оған сәйкес

ойыншықтарды немесе қандай да бір заттарды таңдап алып ойнауы мүмкін. Төрт жасқа қараған балалардың сүйікті ойыны – рөлдік ойындар.

Балалардың тіршілік әрекетін ұйымдастыру

Үш жастағы балалардың күн тәртібін құруда олардың сергектік уақытының ұзақтығы мен сипатын ескеру қажет. Сергектік түрлі ұйымдастырылған оқу қызметімен толықтырылады. Әр сергек кезде дербес ойын тәрбиешінің әрекетімен, бөлмедегі ойын серуенмен, қимылды ойындар тыныш ойындармен ауыстырылады. Балалардың тіршілік әрекетін әр бала ұйқыдан ояңғаннан кейін тамақ ішіп, басқа балаларды күтпей, тәрбиешінің бақылауымен өздігінен ойнайтындай етіп ұйымдастырған жөн.

3 жастағы балалардың еңбек әрекеті бала ағзасының жас мүмкіндіктерінің күшіне әлі де шектеулі. Осы кезеңде бастапқы гигиеналық және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары қалыптасады.

Педагог балаларды ересектердің еңбегіне қызығушылық танытуға, оларға көмектесуге ниет білдіруге үйретеді. Балалардың алдына мақсат нақты, шамаға шақ, түсінікті, бала еңбек нәтижесін көре алатындай, оның өзіне қажет екенін сезіне алатындай болып қойылуы қажет.

Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру үнемі әрекетті түсіндіру арқылы тікелей көрсетуден басталады, содан кейін әрекет балалармен бірге орындалады. Осы топта сәбилерді жеке сипаттағы қарапайым тапсырмаларды орындауға тарту ұсынылады (ойыншықты алып келу, допты орнына қою және т.б.).

Педагог балаларды барлық тіршілік иесіне ұқыпты қарауға тәрбиелейді, табиғат бұрышын мекендеушілерге қамқорлық танытуға үйретеді, сәбилерді бір-бірімен қысқа мерзімдік өзара әрекет етуге ынталандыра отырып, оларда бірлескен әрекетке алғышарттар қалыптастыруға, бір-біріне кедергі жасамай бірлесіп еңбек етуге, құрдасына жанашырлық танытуға үйретеді.

Үлгілік оқу жоспарына сәйкес негізгі білім беру процесі «Денсаулық», «Таным», «Коммуникация» және «Шығармашылық» білім беру салаларын кіріктіру шеңберінде жоспарланатын ұйымдастырылған оқу қызметі болып табылады.

Бірінші кіші топта ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 7-15 минутты құрайды. Осы жас кезеңінде педагог үнемі балалардың белсенділігін арттырады, сергектіктің әрбір кезеңіндегі балалардың өзіндік әрекетін ұйымдастырған оқу қызметімен алмастырады.

Жалпы дамытушы жаттығулар белгілі бірізділікпен өткізіледі: қолға және иық белдеуіне, кеудеге және аяқтарға арналған. Балалар жалпы дамытушы жаттығуларды ересектің көрсетуімен және ауызша нұсқауымен бір мезгілде орындайды.

Күн тәртібіне ұзақтығы 4-5 минуттық танертеңгі жаттығу енгізіледі. Оның құрылымының кіріспе бөлімі сапқа тұру және қайтадан сапқа тұрудан (шеңберге, шашырап); негізгі бөлімі жалпы дамытушы жаттығулардан (3-4 түрі, қайталануы 3-4 рет) тұрады. Қорытынды бөлім тыныс алуды қалпына келтіретін жаттығуларды құрайды.

Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру қабылдау, киіну, шешіну, тамақтану, ойын іс-әрекеті кезінде жүргізіледі.

Педагог балалармен жұмыс барысында мынадай әдістерді: әңгімелеу, баяндау, суреттерді көрсету, сұрақтар мен жауаптар және т.б. белсенді қолданады. Балалар жыл бойы қарапайым қазақ және орыс халық ертегілерімен, шағын фольклормен, қазақ және орыс балалар жазушылары мен классик-жазушылардың жекелеген шығармаларымен танысады. Педагог балаларды ертегі, әңгіме, тақпақты мұқият, аландамай тыңдай білуге, олардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, эмоционалды ықыластық танытуға, балалармен және ересектермен мейірімді болуға үйретеді.

Қоршаған ортамен және қоғамдық өмір құбылыстарымен таныстыру мақсатында педагог балалардың танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін түрлі әдістер мен тәсілдерді пайдаланады.

Педагогтің маңызды міндеттерінің бірі – баланы өсімдіктер мен жануарларға ұқыпты қарауға, олардың әсемдігін байқай білуге, оларға күтім жасауға үйрету. Серуен барысында жануарлар мен құстарға бақылау ұйымдастырылуы, табиғи материалдардың қасиеттерімен таныстыру мақсатында құммен және сумен ойнауға үйрету қажет.

Педагог табиғат бұрышына күтім жасай отырып, гүлдерді қалай суару керектігін айтады және көрсетеді. Табиғат бұрышына шағын тікбұрышты 1-2 ірі, ашық түсті балықтары бар аквариум орналастыру ұсынылады.

Педагог балаларды бақылауға, талдауға, көргендерін қайталай білуге; түрлі сызықтар жүргізуге, дәстүрлі емес тәсілмен сурет салу- бір жағына бояу жағылған қағаз парағын бүктеуге үйретеді.

Балшықтың қасиеттерімен таныстырғанда ол жұмсақ, оны кесектеп бөліп алуға, шұңқырлауға, мүсіндеуге болатыны туралы түсінік береді.

Музыка ұйымдастырылған оқу қызметінде балаларды тыңдауға, ән айтуға, музыкалық-ырғақтық қимылдарды орындауға үйретеді.

Балаларды үнемі мадақтап, көтермелеп және эмоционалды қолдап отыру қажет.

3 жастан 4 жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту (екінші кіші топ)

Дамыту, тәрбиелеу мен оқыту ерекшеліктері

Үш жастан бастап балада айқын және тиянақты қызығушылық пайда болады, осы кезеңде бала өзінің еркі бар жеке адам екендігін сезіне бастайды. Ми қызметінің, психикалық қызметтердің қарқынды дамуы жалғасады, мінез-құлқында өзгерістер пайда болады.

3 жастан 4 жасқа дейінгі жас кезеңінде сюжеттік-рөлдік ойын баланың жалпы психикалық, зияткерлік және тұлғалық дамуы үшін неғұрлым қолайлы жағдайлар жасайтын жетекші іс-әрекеті болып табылады. Бұл кезең сөйлеуді дамыту үшін де тиімді, өйткені бала тілге, оның дыбыстық және мағыналық жағына жоғары сезімталдықты білдіреді.

Мектеп жасына дейінгі кіші балалар ересектермен қарым-қатынас жасауға ынталы болып келеді, көп сұрақтар қояды, шағын таныс ертегілерді әңгімелеп береді, танымдық қызығушылықтарын көрсетеді. Баланың ересектермен қатынас жасаудағы қанағаттандырылмаған қажеттілігі олардың арасында эмоционалды оқшаулануға алып келеді. Өмірінің төртінші жылына қарай бала үшін құрдасы ең алдымен іс-әрекетке қатысушы болып қалады.

3 жастан 4 жасқа дейінгі кезеңде сенсорлық процестердің жаңа қасиеттері сапалы қалыптасады, фонематикалық естуі, түсті ажыратуы, көздің көргіштігі, заттардың пішіндерін қабылдауы, әлемді сезінуі жетіледі. Балалар затпен әрекет жасағаннан кейін онымен көру арқылы қабылдау негізінде танысады.

3-4 жастағы баланың сенсорлық процестерін дамытуда сөйлеу жетекші мағынаға ие болады. Балалардың сөйлеуін заттардың белгілерін, олардың арасындағы қатынасты көрсететін сөздермен байыту затты мағыналы қабылдауға мүмкіндік береді.

Балада кеңістік, уақыт, сан туралы қарапайым түсініктер қалыптаса бастайды. Бала ауа райы құбылыстары мен олардың салдарынан болатын қарапайым байланыстарды түсіне бастайды. Тек ол ғана емес, барлық басқа тіршілік иелері де тамақты, суды қажет ететінін түсінеді.

3-4 жастағы балалар үшін құрастыру – ойын болып табылады. Балалар әртүрлі материалдармен тәжірибе жасай отырып, бірте-бірте олардың қасиеттерін, кейіннен құрылымдық қасиеттерін де таниды.

4 жасқа қарай балалар көркем мәтінді эмоционалды және тұтас қабылдайды. Оның түсінуі тек сөйлеуінде ғана емес, заттық және ойындық іс-әрекетінен де көрініс табады.

Бала үшін бейнелеу әрекеті – бұл оның жасайтын бейнелері. Бұл бейнелер тікелей, аңғал, жарқын, фольклорды еске түсіреді.

Мүсіндеу, жапсыру, сурет салу процестері – бұл баланың көз алдында жағындылар, сызықтар мен пішіндер жанданып, бейнелерге «ену» сәті. Балалар сызықтарды, пішіндерді, түс дақтарын, жақпаларды пайдаланып, қарапайым мазмұнды бере алады.

Бұл кезеңде балалардың көпшілігінде музыкаға эмоционалды ықыластылықтың жоғары деңгейде болуы тән, осы кезең музыкалық әрекетпен айналысуға қолайлы.

Үш жастағы бала–жалықпайтын қайраткер, ол желімдеуге, мүсіндеуге, сурет салуға дайын, дегенмен ұзақ әңгімелерді, түсіндірулерді қабылдай алмайды.

Балалардың тіршілік әрекетін ұйымдастыру

3-4жастағы балаларды тәрбиелеудің басты міндеті – олардың эмоционалды-жағымды көңіл күйді сезінуін қамтамасыз ету, балалардың дербестік танытуын көтермелеу және қолдау, заттық-танымдық әрекетте сезімдік тәжірибені жинақтау.

Кіші мектепке дейінгі жас дене және психикалық дамудың жоғары қарқындылығымен сипатталады. Тәрбиешінің міндеті – баланың дербестікке ұмтылуына қолдау көрсету, икемсіз әрекеттерін сынамау, оның өз күшіне деген сеніміне күмән келтірмеу, баяу және икемсіз әрекеттері туралы айтпау. Әрбір

балаға өз жетістіктерінің артқандығын байқауға, әрекетіндегі сәттілікті, қуанышты сезінуге көмектесу қажет.

Кіші мектепке дейінгі жастағы балалар – бұл, алғашқы кезекте бақылаушылар емес «қайраткерлер». Сондықтан баланың балабақшада болуы оның әртүрлі әрекеттерге қатысуға мүмкіндігі болатындай етіп ұйымдастырылады. Кіші мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды және әралуан үлгідегі іс-әрекеті барлық тәрбие міндеттерін шешу үшін негіз болып табылады.

Ұйымдастырылған оқу қызметі «Денсаулық», «Таным», «Коммуникация», «Шығармашылық» және «Әлеумет» білім беру салаларын кіріктіру арқылы іске асырылады.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 7-15 минутты құрайды.

Педагог бала денсаулығының маңызды факторы дене белсенділігі болып табылатынын білуі тиіс. Оған қимыл белсенділігі, іс-әрекеттің түрлерін ауыстырып отыру қажет.

Балаларда берілген қарқынды сақтай отырып, бір-бірін итермей жүру, жүгіру, секіру білігін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді. Бұған тікелей педагогтың қатысуымен, сондай - ақ, көру бағдарын қолдану жолымен жетеді. Жүгіру ұзақтығын бірте-бірте арттыру қажет. Оқу жылының басында баяу қарқында үздіксіз жүгіру 20-30 сек. бойы жалғаса алады, жылдың аяғында ол 1 мин. дейін жетеді. Жылдың ортасында 10 м. қашықтыққа жылдам қарқында жүгіру беріледі.

Секіруге үйретуді отырып тұру, орнында екі аяғымен секіру, жартылай отыруға дайындық жаттығуларынан бастау қажет.

Осы жастағы балаларды доппен қимылдар жасауға үйрету жалғасады. Педагог балаларды бірте – бірте 1 м дейін артатын, 70 см ара қашықтықтан допты лақтыруға үйретеді. Сонымен қатар, балаларды допты жоғарыға, еденге тастауға және қағып алуға үйрету қажет.

Жалпы дамытушы жаттығулар таңертеңгі гимнастика өткізу кезінде және «Дене шынықтыру» ұйымдастырылған оқу қызметінің кіріспе бөлімінде орындалады. Кіші топта таңертеңгі гимнастиканы өткізудің негізгі әдістері: жаттығуларды түсіндіре отырып, педагогтың көрсетуі және балалармен бір уақытта орындау, көзбен бағдарлау, жасы бойынша саптағы жаттығуларды орындауға тапсырма беру. Кешен 5-6 рет қайталанатын 5-6 жаттығудан тұрады. 3-4 жастағы балалар үшін жаттығулар кешеніне негізінен еліктеу жаттығулары және құралдармен жаттығулар (сылдырмақтар, жалаушалар, доптар, кубиктер) енгізіледі.

Педагог сөздік қорды толықтыруға және баланың сөйлеуін дамыту үшін дыбыстық еліктеуге және осы жастағы балаларға тән еліктеуге талпынысын ескеруі және жұмыста қолдануы тиіс. Нәтижесінде ересектің сұрақтарын есту және түсіну, оларға жауап беру қабілеттері қалыптасады.

Танымдық белсенділігін дамытуда және қайырымдылық, мейірімділік, қол ұшын беруге ықылас танытуы ретінде эмоционалды қасиеттерін тәрбиелеуде негізгі рөл көркем шығармаларға беріледі. Педагог балалармен жұмыста мазмұны баланың қоршаған әлемді тануына, ой-өрісін кеңейтуге мүмкіндік

беретін балалар, жануарлар, табиғат құбылыстары туралы әңгімелер, ертегілер, өлеңдер мен тақпақтар қолдануы тиіс.

Педагог жұмыс барысында балаларда қарапайым математикалық түсініктерді және сан, шама, геометриялық пішіндер, кеңістікті және уақытты бағдарлау туралы ұғымдарды қалыптастыруға жағдай жасауға міндетті.

Екінші кіші топта балаларды табиғат құбылыстарына деген қызығушылыққа тәрбиелеу, өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік және оларға ұқыпты қарау, талдау мен қорытынды жасауды қалыптастыру жұмысы жалғасады. Бақылау барысында балаларды маусымға байланысты табиғатта болатын өзгерістерді байқауға үйретеді.

Балалар ұйымдастырылған оқу қызметінде өсімдіктер (ағаштар, гүлдеп тұрған шөптесін және бөлме өсімдіктері), жабайы және үй жануарлары туралы қарапайым ұғымдар алады. Балаларды қоршаған табиғаттың сұлулығын көруге және байқауға, оның байлығын сақтай білуге тәрбиелейді.

Қоршаған ортаны тануда табиғат бұрышын мекендеушілерді, үй жануарларын бақылау ерекше орын алады. Педагог балаларға құстардың, жануарлардың сыртқы түрі мен мінез-құлқының ерекшеліктерін қарастыруға, қарапайым өзара байланыс пен өзара тәуелділікті түсінуге көмектеседі. Мысалы: тотықұсты бақылауда тәрбиеші балаларды оның сыртқы түрімен мінез-құлық ерекшеліктерімен (ұшады, екі аяғымен секіреді, дәнді шоқып жейді, су ішеді) таныстырады. Балалар тордағы құсты бақылап, негізгі күту ережелерімен танысу үшін оны топқа 1-2 аптаға орналастыруға болады.

Жыл бойы жануарларға бақылау жүргізіледі. Көктемде және жазда үй жануарларын бақылау ұйымдастырылады: тауық пен балапандарына, үй қояндарына, үй жануарлары төлдеріне (бұзау, лақ).

Көктемде балаларды жерге тұқым себуге және пияз отырғызуға қатыстыру. Сонымен қатар балаларға тұқым себу мен пияз отырғызу ережелерін үйретіп қана қоймай, өсімдіктерді күтудің негізгі талаптарын таныстыру қажет.

Табиғат бұрышына күй талғамайтын өсімдіктерді орналастыру және балаларды жыл бойы бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрімен таныстыру қажет.

Педагог балаларда көркем-эстетикалық талғамды қалыптастыру мақсатында жұмыстың түрлі формалары мен әдістерін қолданады. Материалдармен танысу және олармен жұмыс өз кезегінде балаларды ойы бойынша жұмысқа дайындаудан басталады: үлгі бойынша әрекетті орындаудан (менің поезыма ұқсас), үлгі бойынша түрлендіруден (алманы жапырақтармен әшекейлеу қажет); белгілі шартты үлгі бойынша (осындай үй, бірақ мұнарасы биік).

Жұмыс дайындамалармен жүргізіледі (жапсыруда – дайын дөңгелектер, шаршылар, үшбұрыштар), табиғи материалмен жұмыс енгізіледі. Балалар дайын жұмысқа дейін жеткіліксіз элементтерді қосып, табиғи материалдың ерекшеліктерін байқауға үйренеді (саңырауқұлақ: басы – талшын, аяғы – ермексаз; құс: денесі – бүршік немесе талшын, бас, қанаттары, табандары – ермексаз).

Педагог материалдардың қасиеттері және жұмыс техникасымен таныстыруды кезеңімен көрсете отырып, балалармен бірге орындайды. Бала

таныс пішіндерден жұмысты орындаған жағдайда толық көрсетілім талап етілмейді (әр түрлі мөлшерлердегі шарлардан домалақ қуыршақты мүсіндеу). Бұл жағдайда балалар меңгерген тәсілдерді өздігінен қолдануы керек, алайда дербес жұмысқа дейін оның талдауын жүргізу, бөліктердің бекітілу реттілігі мен тәсілі педагогпен көрсетілуі тиіс.

Педагог осы жас кезеңінде баланы қоршаған әлем, оның мазмұнды ерекшеліктері туралы түсінік беретін негізгі түстермен, композициямен, эстетикалық талғаммен таныстырады. Педагог білім беру процесін ұйымдастыруда бейнелеу әрекетіне қажетті технологиялық тәсілдерді қолданады.

Баланың әлеуметке бейімделуі үшін педагог балалардың қоршаған ортаға қатынасы мен жағымды мінез-құлығын, әлеуметтік мәдениет негіздерін қалыптастырудың жүйелі тәсілімен қамтамасыз етеді.

Оқу жылы бойы педагог әрекеттердің барлық түрлері арқылы балаларды өз есімін, ата-аналарының, отбасының басқа мүшелерінің есімдерін атауға, өз туысқандары туралы әңгімелеп беруге үйретуі, отбасы мүшелеріне мейіріммен қарауға және құрметтеуге тәрбиелеуі тиіс. Ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас және бірлескен әрекет ережелерін сақтауға, құрдасын есімімен атау, бір-бірін тыңдау, бір-біріне кедергі жасамай жанында ойнау, басқа адамға қамқорлық көрсетуге үйретеді.

Педагог түрлі әдістер мен тәсілдерді қолданып, балалардың еңбекке қызығушылығын, өз отбасына, балабақшаға сүйіспеншілік сезімін арттырады, ересек оның жетістіктеріне қуанатынын балаға білдіре отырып, балаға өзінің адамгершілігін сезінуге қолдау көрсетеді.

4 жастан 5 жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту (ортаңғы топ)

Дамыту, тәрбиелеу мен оқыту ерекшеліктері

Ортаңғы топта балалардың ерікті есте сақтау қабілеті пайда болады, қабылдауы, қиялы жетіледі, көрнекі-бейнелі ойлауы дамиды. Түрлі ақпараттар, ойлар мен пайымдауларды беру тәсілі ретінде сөйлеудің маңызын түсінуі артады. Әңгіме тәжірибелік бақылаумен қатар балалардың ой-өрісін кеңейтудің тиімді тәсілі болады. Жаңа қабілет қалыптасады: кейіпкерлермен бірге уайымдау, яғни балалар басқа адамның ішкі жан дүниесін түсіне алады.

Балаларда құрдастарымен қарым-қатынасқа қажеттілік бірден артады. Бірлескен ойындар негізінде балалар қоғамы пайда болады, бала құрдастарының ортасында өзінің орнын сезіне бастайды. Коммуникативтік біліктіліктері дамиды: ілтипатпен амандасады және қоштасады.

Балалар ересектерге олармен қарым-қатынасты қолдауға бағытталған көптеген сұрақтар қояды. Баланың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынасы өзінің «Менін» сезінуге мүмкіндік береді. Дәл осы қарым-қатынаста ғана «Мен» бейнесі құрылады. Ересектер және құрдастары баланы қайырымдылыққа тәрбиелеудің жағымды жағдайында оны қолдауға, дұрыс бағалауға, мойындауға деген қажеттілігі қанағаттандырылады.

Бес жасқа қарай өзара қатынас жүйесі, топтық ынтымақтастықты барынша сыни бағалау қалыптасады, балада достар пайда болады.

Балалардың тіршілік әрекетін ұйымдастыру

Педагог 4-5 жастағы балалардың тіршілік әрекетін ұйымдастыруды кіріктіру әдісін қолданып, ұйымдастырылған оқу қызметінде және күн тәртібінің сәттері барысында жүзеге асырады.

Дамытушы білім беретін жағдаяттардың барлық түрлері ойын түрінде өткізілуі немесе ойын тәсілдері мен әрекеттерінен құрылуы тиіс. Мектепке дейінгі ортаңғы жастағы баланың көрнекі-бейнелі ойлауының ерекшелігіне қарап, көрнекі, ойын және практикалық әдістерге мән беріледі, педагогтың сөзі көрнекіліктің түрлері және балалардың практикалық әрекетімен бірге жүреді.

Балалардың дербес ойын әрекеті педагогтің бақылауында болады, ол ойынды бағыттап отырады, кейде ойындарға тікелей қатысады. Балаларды жалықтырмау үшін, түрлі қимылды ойындарды кезектестіріп, ойынның бір түрінен екінші түріне уақтылы ауыстырып отыру керек. Педагогтің міндеті-вариативті ойын әрекетіне сәйкес заттық-дамытушы ортаға әртүрлі ойыншықтар, алмастырушы заттар, ойын шығармашылығына арналған материалдар, ойын жабдықтарын тиімді орналастыру арқылы мүмкіндік жасау.

Кішкентай бала үшін айналасындағы жақын орналасқан заттар қызығушылықтың қайнар көзі және әлемді танудың бірінші сатысы болып табылады, сондықтан мазмұнды заттық орта құру қажет. Ойыншықтар мен заттар өзінің әртүрлілігімен балаларды қызығушылық пен белсенділікке ынталандырады.

Бейнелеу, музыкалық, театрлық-орындаушы әрекеттерде шығармашылық қабілеттерді дамытуға көп көңіл бөлінеді.

Тәрбиешінің балаларға деген мұқият, мейірімді қарым-қатынасы, олардың танымдық белсенділігін қолдай білуі және дербестігін дамытуы, педагогтің түрлі әрекеттерді ұйымдастыруы баланы толыққанды дамытудың негізін құрайды.

4 жастан 5 жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту олардың дене, ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық дамуына, денсаулығын нығайтуға, білім, білік және дағды негіздерін қалыптастыруға бағытталған.

Ортаңғы топта ұйымдастырылған оқу қызметі аптасына 14 сағатты соның ішінде 2 сағат – Үлгілік оқу жоспарына сәйкес вариативті компонентті құрайды.

Осы жастағы балалардың Үлгілік бағдарлама мазмұнын игеруі білім беру салаларын кіріктіру және заттық-дамытушы ортамен қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады.

Топта заттық-кеңістіктік орта балалардың шағын топтармен айналысу және ойнау мүмкіндіктерін ескере отырып ұйымдастырылады. Құрал-жабдықтар, ойыншықтар балалардың еркін қозғалуына кедергі келтірмейтіндей орналастырылады. Баланың ойланып, қиялдауы үшін уақытша оңашалану орнын қарастыру қажет.

Тәрбиешінің міндеті – тиімді қимыл әрекетін, балалардың шаршауын болдырмау үшін әртүрлі белсенді әрекеттерді демалыспен ауыстырып, ұйымдастыру.

Осы жаста балалар қимылдардың нәтижесіне, олардың дұрыс орындалуына қызығушылық танытады, табиғилық, жеңілдік, ырғақтық қалыптасады. Балалардың қимылдарға деген қажеттілігі қимылды ойындарда, дербес қимыл белсенділігінде, арнайы ұйымдастырылған оқу қызметінде іске асырылады.

Осыған байланысты балаларды әртүрлі негізгі қимыл түрлерін орындауға жаттықтыру қажет. 4-5 жастағы бала ағзасы қызметінің мүмкіндіктері қимылдардың элементтерін бөліп көрсетуде (бағыты, жылдамдығы) шынайы алғышарттарды, орындалатын әрекеттердің реттілігін талдауды және қабылдауды қалыптастырады. Сондықтан баладан қимылдарды орындаудың (сапасын) арнайы техникасын талап етуге, өмірде маңызды дене сапаларын: жылдамдық, күш, ептілікті дамытуға болады. Аталған дене сапалары балаларды негізгі қимылдардың кез-келген түріне секіруге, тепе-теңдік сақтауға, лақтыруға, өрмелеуге үйретуде жетілдіріледі. Секірулер қысқамерзімді болғанымен, бұлшық еттерге күшті салмақ түсіреді, жылдамдықты дамытады, өзінің күшін жинақтауға үйретеді. Тепе-теңдік сақтау жаттығуларының ерекшелігі - кеңістікте дене қалпын жылдам ауыстыру, дағдыланбаған дене қалпында тұру, дене жаттығуларын орындауда тірек аумағын азайту немесе ұлғайту.

Таңертеңгі жаттығу 6-8 минут өткізіледі. Жалпы дамытушы жаттығулардың саны-7, олар 7 рет қайталанады. Жүгірудің ұзақтығы - 20 сек. Балалар жүрумен 3 рет ауыстыра отырып, үздіксіз 8 рет секіреді. Жалпы дамытушы жаттығуларды орындауда ұсақ дене шынықтыру құралдары қолданылуы мүмкін: жалаушалар, текшелер, құрсаулар, доптар.

Жалпы дамытушы жаттығулардың бастапқы кешендерін үйреткенде жаттығуларды орындаудың келесі реті қолданылады: басынан бастап соңына дейін көрсету және түсіндіру (түсіндіру кезінде санау қолданылмайды), бастапқы қалыпта тұру, белгілі бағытта жаттығуларды орындауға нұсқаулар (оңға-солға, төмен-жоғары және т.б.) беріледі.

Сонымен ортаңғы топта таңертеңгі жаттығуды өткізуде тәрбиешінің көрсетуі, алдын-ала дайындаған баланың жартылай көрсетуі, сондай-ақ саптағы жаттығуларды орындағанда бұйрықтар қолданылады.

Педагог 4-5 жастағы балалардың сөйлеуін дамыту үшін сөздік қорын белсенді кеңейтуге, тілдің грамматикалық құрылымын қарқынды қалыптастыруға бағытталған жұмыстың әдістері мен түрлерін қолданады.

Үлгілік бағдарламада «Коммуникация» білім беру саласы «Драма» ұйымдастырылған оқу қызметімен толықтырылды. Осы топта педагогтің әрекеті балаларда театр өнеріне және сахнаның мәнерлілік құралдарын белсенді игеруіне қызығушылықты дамытуға бағытталады. Ол үшін педагог балаларды театр өнерінің алуан түрлерімен, саусақ театры жұмысының тәсілдерімен (көлемді және саусақ) таныстырады, балалардың көлемді ойыншықтарды және жалпақ пішіндерді қолдануын жетілдіреді.

Саусақ кейіпкерлерін қолдану күрделі емес, сондықтан педагогке бірнеше рет көрсету жеткілікті, балалар олармен жұмыс ерекшеліктерін жылдам меңгеріп алады.

4-5 жастағы бала үстел үсті театрының әртүрін меңгереді, қуыршақтармен әрекеттер жаңа мазмұнмен толықтырылады (ағаш негізге бекітілген қуыршақтар). Балаларға биік қуыршақтар (алдымен шымылдықысыз кейіннен жылдың соңында шымылдықыпен), қасық театрлары және басқалары да қолжетімді.

Театрландырылған әрекет сюжетті-рөлдік ойынмен өте тығыз байланысты және оның бір түрі болып табылады.

Ортаңғы топ балаларымен театрландырылған әрекеттің ерекшелігі баланың біртіндеп «өзі үшін» ойыннан, кейіпкердің жағдайы, көңіл-күйі, эмоциясы үйлесетін, тұтастай бейненің көрсетілуіне бағдарланған ойынға ауысуы болып табылады.

Бастапқыда педагог әрекет өтетін орынды (орман, алаңқай және т.б.) көркемдеп суреттейді және балаларға жекелеген жолдарын айтқызып, шығарманы оқып береді, мәтінді айтқанда тыныс алуын басқара білуді, түрлі эмоцияларды білдіруде дауыс ырғағын келтіруге үйретеді, болып жатқан оқиғалардың реттілігін анықтайды. Рөлдерді бөлгеннен кейін кейіпкерлердің сыртқы келбеті, мінез-құлқы бойынша қиялдауға ынталандырады.

Жүргізушінің рөлін және балалар қойылымын басқаруды ересек өзі іске асырады. Жүргізушінің рөліне немесе ұйымдастырушы етіп қуыршақты қолдануға болады. Қуыршақ (ересек адам қолына қуыршақ ұстайды) балалардан театрландырылған ойынға не дайындау керектігін, рөлдерге кімді таңдайтындарын сұрайды.

Балалардың сахнаның мәнерлілік құралдарын ойдағыдай меңгеруі және бейнені беру тәсілдерін іздестіруде дербестікті дамыту үшін, тәрбиеші балаларға келесі үлгідегі ойын-жаттығуларды ұсынады:

- « Кейіпкерлер: Түлкі мен Қоянның атынан ойыншық сұра»;
- «Сені кім шақырғанын тап»;
- « Жаңбырдың астында қалып қойған күшікті, марғауды сипа»;
- « Дауысыңмен таңдануды, ренішті және т.б. жеткіз».

Балаларға арнайы шығармашылық тапсырмаларды орындатумен қатар, екінші жартыжылдықтан бастап сүйікті ойыншықтарымен болып жатқан оқиғалар, қысқа ертегілер ойластыруды ұсынуға болады. Бастапқыда педагог балаларды оқиғалар қайда, қашан өтіп жатқанын, кейіпкерлермен не болып жатқанын, оқиға немен аяқталатынын әңгімелеп беруге үйретеді (кейіпкер біреуді құтқаруы, өзінің жолдасын емдеуі тиіс). Мазмұнын дамыту үшін жетекші сұрақтармен бағыттап отыру қажет.

Педагог балаларды бейнеге енуі үшін атрибуттарды жасауға («Шығармашылықпен» кіріктіру) қатыстырады. Педагог қажеттілігіне қарай баланың бейнеге енуі үшін керекті атрибуттарды пайдалануға береді. Балалар атрибуттарды өлшейді және олармен қойылымның мәтініне сәйкес әрекет етеді.

Қойылым аяқталғаннан кейін барлық реквизиті мен декорациясы сақталады және балалардың дербес әрекетінде қолданылады.

Педагог балалардың қоршаған орта туралы білімдерін кеңейту мақсатында ашық бейнеленген қасиеттері мен сапаларынан (түс, пішін, шама және т.б.) біртіндеп аса күрделі жалпылама байланыстар мен қатынастарды орнатуға

(ойыншықтар, киім, аяқ киім және т.б.) ауысатын тәсілді қолданады. Балаларды заттарды қарастыруға, олардың құрылымдық ерекшеліктерін бөліп алуға, түрлі іс-әрекеттерде (ойын, еңбек, бейнелеу әрекеті т.б.) пайдаланылатын барлық қарапайым сенсорлық талдау тәсілдерін қолдануға үйрету қажет. Заттық әлемге ұқыпты қатынасқа тәрбиелеуде балаға өзінің пікірін, болжамын дәл және айқын жеткізу үшін соған сәйкес сөздік қорды игеруіне көмектесу керек.

Педагог білім беру әрекетінде балалардың әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттардың жиынтығы туралы түсінігін қалыптастырады, бұл заттардың теңдік немесе теңсіздікті салыстыру негізінде анықтауға үйретеді.

Педагог балаларды табиғатқа сүйіспеншілікке, өсімдіктер мен жануарларға ұқыпты қатынасқа тәрбиелеу жұмысын жалғастырады. Балалар табиғат құбылыстарын бақылау негізінде қарапайым байланыстар мен тәуелділікті орнатуды (күн суытты, су қатып қалды, мұзға айналды және т.б.) үйренеді.

Балаларды өсімдіктер әлемімен таныстыру жұмысы көкөністер, жемістер, жеміс-жидек дақылдары, өсімдіктердің тіршілігіне қажетті жағдайлар (жарық, жылу, ылғал, топырақ) туралы жалпы түсініктерін қалыптастыруға бағытталған.

Балалардың үй жануарлары және олардың төлдері, кейбір жабайы жануарлардың табиғи жағдайлардағы тіршілігі туралы білімдері кеңейтіледі.

Жыл бойы табиғат бұрышы педагогтің балаларды ұйымдастырылған оқу қызметінде таныстыратын жаңа өсімдіктермен және жануарлармен толықтырылады. Аквариумдегі балықтарға үнемі бақылау жүргізіледі, балалардың бөлме өсімдіктері туралы білімдері толықтырылады. Педагог табиғат бұрышына басқа өсімдіктерден сабақтарының құрылысы, жапырақтарының көлемі және пішіні бойынша ерекшеленетін 2 жаңа өсімдікті орналастырады. Бұл балаларға өсімдіктерді көлемі, пішіні және жапырақтарының түсі, сабақтарының құрылысы бойынша салыстыруды үйретуге мүмкіндік береді.

Көктемде үй жануарлары мен олардың төлдерін бақылау үшін ұйымдастырылған оқу қызметі өткізілуі тиіс. Педагог балаларды жануарлардың және төлдерінің мінез-құлқымен, сыртқы түрінің ерекшеліктерімен таныстырады. Бақылау ұйымдастыруға мүмкіндік болмаса, үй жануарлары туралы суреттер қолданылады.

Балаларды жабайы жануарлармен таныстыруда суреттер де қолданылады. Педагог аңдардың қайда тіршілік ететіні, қалай қимыл жасайтыны, немен қоректенетіні, жауларынан қалай қорғанатыны туралы айтып береді.

Осы топта байыпты дайындықты талап ететін табиғатқа саяхат енгізіледі. Табиғатқа саяхатқа шыққанда балалардың зейіндерінің тұрақсыздығы, олардың тез шаршайтыныны ескерілуі керек. Сондықтан экскурсия барысында бақылауды балалардың практикалық әрекетімен, мысалы ойынмен (құммен, сумен), табиғи материалдарды жинаумен байланыстыру қажет.

Серуен кезінде балалардың зейіні күннің суытуына байланысты көбелектер мен қоңыздардың болмауына, құстардың азаяюына, олардың дауыстары естілмейтініне бағытталуы керек. Егер мүмкіндік болса, кейбір құстардың топталып, жылы жаққа ұшып бара жатқанын бақылау, көктемде бұл құстардың қайтадан туған жерге ұшып келетінін түсіндіру керек.

Қыс мезгілінде тәрбиеші балалардың назарын күннің көзі сәулесін аз шашатынына, күннің суытқанына, қардың жиі жаууына, суық желдің соғуына аударады.

Көктем мезгілінде серуенге шыққанда балалардың күннің көзі сәулесін төккенде күн жылынатыны, күннің көзінің жылуымен қар мен мұз еритіні, жылғалардан су ағатыны, жасыл шөп, көктемнің алғашқы гүлдері өсіп шығатыны туралы түсініктері бекітіледі.

Көбелектерді, қоңыздарды және құмырсқаларды бақылау жалғастырылуы тиіс, бақылау барысында балалар қоңыздардың жүре алатынын және ұшатынын, көбелектердің ұшатынын, гүлдерге қонып, олардың тәтті шырынын ішетінін, құмырсқалар - орманның қорғаушысы екенін игереді.

Педагог осы жастағы балалардың тек еліктемей (үлгі бойынша жұмыс істеу), белгілі бір шарты және ойлауы бойынша тапсырмаларды орындауға ауысатынын, өзінің жеке жұмыстарын ортақ композицияға біріктіруді үйренетінін ескеруі тиіс.

Педагог кезеңмен көрсетуден бас тартуы қажет. Алдымен жасалатын жұмысқа толық талдау жүргізіп, оның таныс емес кезеңдерін ішінара көрсетуге болады. Содан соң балалар тапсырманы дербес орындайды. Балаларға бейтаныс жұмыстың әрбір орындалу кезеңін айтып отырып, тек қана бейтаныс әрекеттер толық көрсетіледі.

Педагог ортаңғы топта балалардың қоршаған ортаға, өз-өзіне саналы қатынасын қалыптастырады, ересектер мен құрдастарына қамқорлық, мейірімділік қарым-қатынасқа тәрбиелейді. Балаларды қоршаған табиғатқа қамқорлықпен қарауға, түрлі эмоциялық жай-күйін беруге, қауіпсіздік ережелері мен нормаларын сақтауға үйрету керек.

Бала жоғарыда аталған дағдылар мен біліктерді экология негіздері, қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет ұйымдастырылған оқу қызметтерінде, сондай-ақ күн тәртібінің сәттерінде ойын және еңбек әрекеті арқылы танып біледі.

5 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту (ересек топ)

Дамыту, тәрбиелеу мен оқыту ерекшеліктері

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың қимылдары біршама жігерлі және дәл болып, жеңілдік пен әсемдікке ие болады. Балалар жүгіріп келіп биіктікке және ұзындыққа сенімді секіреді, лақтыру кезінде заттарды екпіндеп сермейді және лақтырады.

Бұл жаста қол саусақтары қимылдарының дамығандығы соншалықты, бала өздігімен қағаздан түрлі пішіндерді – тік төртбұрыштарды, сопақшаларды, дөңгелектерді қайшымен қияды; сазбалшықтан ыдыс-аяқ, адам мен жануарлардың мүсіндерін жасап, қарындаштармен және бояумен еркін сурет сала алады.

5-6 жастағы бала көрнекі түрде елестету мүмкін емес заттар мен құбылыстардың байланысын, олардың себебін түсінуге қабілетті. Зейіні біршама шоғырланып және тұрақты бола бастайды, ойынның ұзақтығы 2 сағатқа дейін артады.

Ерікті есте сақтауы дамиды, балаларға тек механикалық есте сақтау ғана емес, мағыналы есте қалдыру тән болады.

Байланыстырып сөйлеу, диалогтік және монологтік сөйлеуі дамиды. Балалар жалпылама зат есімдерді, синонимдерді, антонимдерді, сын есімдерді және т.б. белсенді қолдана бастайды.

Аталған жас өзінің «Мені», өзіндік сана-сезімінің қарқынды өсуімен сипатталады. Тұрмыстық жағдайларды, қоғамдық өмірдегі оқиғаларды, ересектердің еңбек әрекетінің элементтерін бейнелейтін ойын жетекші әрекет болады.

Мектепте оқуға психологиялық: әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, интеллектуалдық, эмоциялық-еріктік дайындығы қалыптасады.

Балалардың тіршілік әрекетін ұйымдастыру

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың тіршілік әрекетін ұйымдастыру ойын және оқу-танымдық әрекет кезінде дербестігін тәрбиелеуге, құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасаудың мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға, денсаулықты нығайтуда іс-шаралар кешенін жүргізуге бағытталған.

Балалардың тұрмысын ұйымдастыру кезінде балалар дербестігінің артуын, өзінің және құрдастарының мінез-құлықтарын бақылай білу қабілетін ескеру қажет. Киінуге, шешінуге, ас ішуге, жуынуға жұмсалатын уақыттың қысқаруы есебінен, ойынға, балалардың еңбегіне, олардың қимылдарын дамытуға, дербес әрекетке көбірек уақыт бөлінеді.

Осы топта баланың эмоционалдық және қимылдық саласына жағымды ықпал ететін жұмыстың әдістері мен түрлері қолданылады. Педагог әртүрлі ойын түрлерін қолданып, балалардың шығармашылығын, дербестігін, ерік қасиеттерін дамыту үшін жағдай жасауы керек.

Баланың жан-жақты дамуына мүмкіндік беретін дамытушы ортаны құрудың маңызы зор.

Топта еңбектің түрлерін жүргізуге жағдай жасалуы қажет. Өзіне-өзі қызмет ету еңбегі біртіндеп балалардың қажеттілігіне айналуы тиіс. Тұрмыстық-шаруашылық еңбек пен табиғаттағы еңбек жеке және ұжымдық тапсырмалар мен кезекшілік түрінде ұйымдастырылады.

Педагог келесі ережелерді ұстанады: алғашқы қиындықтардың өзінде-ақ балаға көмектесуге асығудың қажеті жоқ, оның өздігінен шешім қабылдауына қозғау салу пайдалы; егер көмек қажет болған жағдайда бастапқыда бұл көмек мардымсыз болуы: кеңес беру, жетекші сұрақтар қою, балада бар тәжірибені белсендіру қажет.

Жыл соңында балаларда болашақ мектеп оқушысы ретінде пайдалы әрекет түрлеріне: тәжірибелік-эксперименттік әрекет, үстел үсті ойындары, суреттерді, альбомдарды қарастыру, құрастыру, мүсіндеуге деген қызығушылығы тәрбиеленуі тиіс.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды ойдағыдай тәрбиелеу мен дамытудың тиісті шарты білім беру міндеттерін тиімді шешуде педагогтің отбасымен сенімді, қайырымды ынтымақтастығы болып табылады.

Тәрбие мен оқытудың түрлері мен әдістері

5 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту олардың дене, ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық дамуына, денсаулығын нығайтуға, білім, білік және дағдыларын жетілдіруге бағытталған.

Ересек топта Үлгілік оқу жоспарына сәйкес апталық оқу жүктемесі 17 сағатты құрайды, ұзақтығы 25-30 минут. Осы жастағы балалардың Үлгілік бағдарлама мазмұнын игеруі білім беру салаларын кіріктіру жолымен және заттық-дамытушылық ортаны қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады.

Мазмұнды заттық-кеңістіктік дамытушы орта әрбір баланың жан-жақты дамуын және өмірін мазмұнды, тартымды етіп ұйымдастырудың негізі болып табылады. Сондықтан ол әр баланың ұнайтын ісімен айналысатын мүмкіндігі болатындай ұйымдастырылуы қажет. Құрал-жабдықтарды бөлімдер бойынша орналастыру балалардың ортақ мүдделеріне қарай шағын топтарға (құрастыру, сурет, театрландырылған ойын әрекеті, эксперимент) бірігуіне мүмкіндік береді. Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны құруда гендерлік тәсілді ескере отырып, қыздар мен ұл балаларға арналған ойыншықтар мен материалдардың, заттардың ерекшелігін қамтамасыз ету қажет.

Жабдықтауда баланың танымдық әрекетін ынталандырушы материалдардың болуы міндетті: дамытушы ойындар, техникалық құрылғылар мен ойыншықтар, үлгілер, тәжірибелік-зерттеу жұмысына қажетті заттар (магниттер, ұлғайтқыш әйнектер, серіппелер, таразылар, мензуркалар және т.б.), қолдан ойыншықтар жасауға арналған табиғи материалдар.

Педагогтің міндеті балалардың барлық мәдени-гигиеналық ережелерді ынтымақтастықпен орындауына түрткі болатын, мәдени-гигиеналық дағдылардың тұрақты қалыптасуына ықпал ететін жұмыстың түрлері мен әдістерін қолдану.

Педагогтің рөлі – белсенді сөйлеу, қарым-қатынас, сөйлеу үлгілерін меңгертуге жағдай жасау. Баланы мектепке дайындаудың қажеттігін ескере отырып, фонематикалық естуін және дыбысты дұрыс айтуын, қолдың ұсақ моторикасын дамытуға ерекше көңіл бөлінеді.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың сөйлеуін дамыту барысында пассивті лексиканы, сөздік қорды кеңейту жалғасады, тілдің грамматикалық құрылымын қалыптастыру аяқталады.

Осы жастағы балалар еліктеу, қайталауды сақтай отырып, шығармашылық әрекетті дербес пайымдауға ұмтылады. Балалар адамгершілік, табиғат және жануарлар туралы тақырыптарға арналған түрлі жанрдағы шығармаларды мұқият тыңдайды және талқылайды, оқиғаларды ойдан құрастыра алады, ауыспалы мағынадағы сөздерді түсінеді және қолданады.

Педагог орындаушылық шеберліктерін жетілдіруді, серіктестікті дамытуды жалғастырады. Қиялды дамыту үшін балаларды қиялдауға ынталандыру, түрлендіру, араластыру, ойдан шығару, игерген тәжірибе негізінде импровизацияға үйретуде келесідей тапсырмалар ұсынылады: таныс сюжеттердің басы мен соңын өзгерту, кейіпкер пайда болатын жаңа оқиғаларды

ойлап табу, жаңа кейіпкерлерді енгізу. Драматизацияда балалар өздерінің эмоциясын көрсетеді және драмаландыру процесінің өзі нәтижесіне қарағанда баланы баурап алады. Спектакль қойылымын ұйымдастыру және өткізу шығармашылық процеске қатысушыларды жақындастырады, оларды ортақ істе серіктес етеді. Театрландырылған әрекет процесінде қоршаған ортаға деген ерекше эстетикалық қатынас қалыптасады, жалпы психикалық процестер дамиды: қабылдау, бейнелі ойлау, қиялдау, зейін, ес және т.б.

«Драма» ұйымдастырылған оқу қызметі мазмұнын дайындауда келесі әдістемелік тәсілдерге назар аудару керек, мысалы:

- балаларға өздігінен екі ойыншығы бар сюжет ойлап тауып, оны ойнауды ұсыну;

- балаларға таныс ертегі оқып беріп, оларға сол кейіпкерлермен жаңа ертегі ойлап табуды ұсыну.

Педагогтің басшылығымен кішкентай актерлердің рөлмен жұмыс жасауы келесі үлгіде құрылады:

1. Шығарманың қойылымымен, кейіпкерлерімен танысу: Ол не туралы? Оның басты кейіпкерлері кім? Олар қайда тұрады? Олардың үйлері қандай?

2. Олардың сыртқы түрі, киімі, мінез-құлық мәнері, олардың бір-бірімен қарым-қатынасы. Рөлдерді бөлісу, кейіпкердің ауызша бейнесін құрастыру, кейіпкерлердің ойдан шығарылған әрекеттерін талдау. Әрбір балаға кейіпкердің интонациясын таңдау және тұтас бейнені сомдау ұсынылады. (мысалы, егер әтеш батыл болса, ол қатты сөйлейді, сөздерін қанаттарын сермеп, аяқпен тапылдатып, көзіне тура қарап және т.б. айтады).

3. Мәтінмен жұмыс: сахналық мәнерлілік бойынша жұмысты, әрекеттердің, қимылдардың мақсатқа сәйкестігін, ойын кеңістігінде кейіпкердің ым-ишарасын, сахна алаңында оның тұратын орнын, орындалу қарқынын, интонациясын анықтау. Педагогтің мынадай сұрақтарды қоюына болады: Кейіпкер неліктен осылай сөйлейді? Ол осы сәтте не туралы ойлады? Оның қу екенін қалай көрсетесің? Педагогтің негізгі міндеті балаға мәтін сөздерінде не жасырылғанын сезінуге, түсінуге көмек көрсету.

4. Театр костюмін дайындау, гримді қолданып бейне жасау. Сахнада барлығы бала орындайтын рөлдің ішкі мазмұны, әрбір әрекеті, көзқарасы орынды болуы тиіс.

Балалар бет әлпеті, дене қимылдарын түсінуге байланысты жұмыс істей отырып, біртіндеп олар балалар театры сахнасында жетістікке қол жеткізуге, өзіне және өз мүмкіндіктеріне сенімділікті сезінуге көмектесетін мәнерлілік құралдарын меңгереді.

Спектакль барысында ескерту жасауға, олардың әрекеттерін түзетуге болмайды. Педагог қойылым аяқталғаннан кейін шығарманың авторын атайды, егер балалар осы спектаклді өздері ойлап шығарса, әрбір баланы атай отырып, салтанатты түрде қатысушыларды таныстырады.

Бұлыық еттерге күш түсіру жаттығулары:

- ағаш «кесу»;

- «ауыр» чемоданды алып жүру;

- өсіп тұрған алмаға жету, оны жұлып алып тез арада жасыру және т.б.

Бұлшық еттерді босаңсытуға арналған жаттығулар:

- орындықта «ұйықтау»;
- айнаның алдына отырып, өзін ретке келтіру-тарану, бет-аузын өзгерту;
- орындықта отырып, саусақтарға күш түсіріп, шынтақты және иықты қозғау.

Қиялды дамыту жаттығулары:

- «жылан» сөзін айтып, бір-біріне жіпті беру;
- «бақа» немесе «балмұздақ» сөздерін айтып, кубикті бір-біріне беру;
- бос қорапшаны бір-біріне беру және одан кезек бойынша қиялындағы затты «суырып алу» және онымен ойнау.

Артикуляциялық гимнастика. Жаттығулар:

«Балкон»: балалардың артикуляциялық аппаратын дамыту, тілдің алдыңғы бөлігін кең көтеріп жаттығу, оның қозғалғыштығын дамыту, бұлшық етін нығайту.

«Кеме»: балалардың артикуляциялық аппаратын дамыту, тіл арақашықтығын және түбін көтеру жаттығулары, оның бұлшық еттерін нығайту.

«Алақанымызды жылытамыз»: балаларда артикуляциялық тыныс алуды дамыту, жылы ауа ағынын қалыптастыруға үйрету, «х» дыбысын айтқызып, тілдің артқы жағын көтеру.

«Тісті тазартамыз»: артикуляциялық аппаратты дамыту, астыңғы және үстіңгі тістермен тілдің ұшын ұстауға үйрету, оларды солға оңға қозғау, тілін қозғай білуді қалыптастыру, қозғалыс нақтылығын арттыру.

«Сағаттар»: балалардың тілді қозғай білуін қалыптастыру, оның бұлшық еттерін нығайту.

«Жылан»: балалардың сөйлеу аппаратын дамыту, тілімен жаттығу жасауға үйрету, тілдің қозғалғыштығын дамыту.

«Кэмпит»: тілдің ұшына күш салып қозғалыс нақтылығын, беттің бұлшық еттерінің қозғалғыштығын арттыру.

«Сылақшы»: балалардың тілді жоғары көтеру қабілетін қалыптастыру, оның қозғалғыштығын дамыту, сөздерді фонетикалық дұрыс айтуға ықпал ету.

«Шыны-аяк»: балалардың артикуляциялық аппаратын дамыту, бір уақытта тілдің ұшы мен бүйірін көтеруді, осы жағдайда тілді ұстай білуін қалыптастыру, тілдің бұлшық еттерін нығайту.

«Досыңның есімін әндетіп айт»: берілген тақырыпқа импровизация жасауға үйрету, өз ойына сәйкес мәнерлілік құралдарын таңдау, ән айту шығармашылығын ынталандыру және дамыту.

6 жастағы балаларда өзінің мінез-құлқын басқару қабілеті пайда болады; ерікті есте сақтауы, зейіні дамиды. Балаларға тапсырманы орындауға талпыну, өзінің жұмысына жағымды баға алу тән болып келеді. Балалар оқу тапсырмаларын қызығушылықпен орындайды.

Ересек топта балалар алғашқы ондық сандарын жақсы меңгерулері керек. Сандардың мәнін меңгеру заттардың түрлі жиынтықтарын санау, олардың ретін анықтау барысында жүргізіледі. Балалармен жүргізілетін барлық жұмыс олардың алған білімдерінің негізінде құрылады.

Осы жас кезеңінде табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылаудың рөлі артады. Әр маусымның соңында балалардың табиғаттағы өзгерістер, маусымдық құбылыстардың тірі және өлі табиғаттағы өзгерістерге тәуелділігі, адамның табиғатпен ажырамас байланысы туралы түсініктері бекітілетін әңгімелесулер өткізілуі тиіс.

Педагог балалардың табиғаттағы өзгерістер өсімдіктер мен жануарлардың тіршілігіне ықпал ететіні туралы түсініктерін бекітуі тиіс. Балалардың назарын кейбір жануарлардың қысқа дайындығына аудару: жәндіктер жасырынады; бақалар, кесірткелер және тасбақалар ұйықтайды; құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Педагог күн суытқанда жәндіктердің аз болуына байланысты құстарға қорек болмай қалатынын, құстар қорек іздеп ұшып кететінін әңгімелеп береді.

Қыста педагог балалармен бірге ауа райының өзіне тән құбылыстарын белгілейді: суық, аяз, қар жауады. Түрлі ауа райында қарды қарастыруы, қардың суға, судың мұзға айналуына тәжірибе жүргізілуі тиіс. Әрбір серуен кезінде өсімдіктерге қамқорлық танытуды естеріне салып отыру қажет (ағаштар мен бұталардың бұтақтарына аязды күні тиіспеу, олар тез сынады).

Көктемде қардың еруін, тамшылардың пайда болуын, көктемде қара жердің көрінуін бақылау барысында балаларды қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды орнатуға (қар мен мұз қайда жылдам ериді, күннің көзінде ме немесе көлеңкеде ме?) үйрету. Педагог балалардың назарын ауладағы шөптер мен гүлдер күннің көзі түсетін жақта ерте шығатынына, жәндіктердің (көбелектер, қоңыздар) ұйқыдан оянуына аударды; көктемде құстар ұя салатынын, олар жұмыртқалап, балапан басатынын әңгімелеп береді.

Балалардың табиғат бұрышына назарын аудару мақсатында педагог оны балалармен бірге бақылайды, жаңаны байқауға үйретеді, көргенін әңгімелеп айтып беруге ынталандырады.

Ересек топтың балалары жыл бойы табиғат күнтізбесін жүргізеді, онда өсімдіктер мен жануарлардың суреттерін салады, ауа райының жағдайын белгілейді. Табиғат күнтізбесін жыл мезгілдері туралы әңгімелесулер барысында қолдануға болады.

Осы жас кезеңде балалар жұмысқа арналған материалдарды жақсы таниды, жасалған жұмысқа ынталы түрде толықтырулар және өзгерістер енгізеді, қосымша бөліктер арқылы оған жеке сипат береді. Осы жастағы балаларда жасалатын жұмыстың құрылымдық пішінін, ара қатынасын және шамасын беруде көзбен өлшеу және қолдың ұсақ моторикасы жеткілікті дамыған. Оларда жұмысты шығармашылықпен орындауға мүмкіндік беретін өнімді іс-әрекеттің жеткілікті тәжірибесі жинақталған.

Педагог пен балалардың бірлескен қызметінің әдістері мен тәсілдері баланың құрдастары арасындағы өз орнын іздеуге, өзінің Менін бөліп көрсетуге, өзін басқалармен салыстыруға, түрлі әлеуметтік қатынастарда Менін басқалармен тең дәрежеде ұстауға бағытталған. Бұл баланың өзіндік сана сезімінің жаңа деңгейін дамытуды қамтамасыз етеді, әлеуметтік-адамгершілік дамудың міндеттерін шешеді. Өзін-өзі тану, өзіне деген саналы қатынас арқылы айналасындағы адамдармен құнды қарым-қатынас жасау қажеттілігі туындайды.

Педагог мектепке дейінгі ересек жастағы балада адамгершілік әрекеті тәжірибесінің қалыптасуына жағдай жасайды және қойылған міндеттерді экология негіздері, қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, өзін-өзі тану бойынша арнайы ұйымдастырылған оқу қызметтерінде, сондай-ақ күнделікті өмірде шешеді.

6 жастан 7 жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту (мектепалды даярлық)

Дамыту, тәрбиелеу мен оқыту ерекшеліктері

Жеті жасқа қарай ірі және әсіресе ұсақ бұлшық еттер, саусақ бұлшық еттерінің үйлесімділігі қарқынды дамиды. Жалпы дене дамуы ұсақ моториканың дамуымен тығыз байланысты, саусақтарды жаттықтыру оларды жазуға дайындаудың құралы болып табылады.

Осы жастағы балалар мектепте оқуға қызығушылық таныта бастайды. Мектепке қызығушылық ересектермен қарым-қатынас, мұғаліммен кездесулер, оқушылармен бірлескен іс-әрекеттер, мектепке бару, мектеп тақырыбына сюжетті-рөлдік ойындар ойнау арқылы дамиды. Ең бастысы-балалардың дамушы қызығушылығын жаңа әлеуметтік көзқарасымен («оқушы болғым келеді»), өз жетістіктерінің артуын сезінуімен, жаңаны игеруімен және танымның қажеттілігімен байланыстыру. Педагог балалардың зейіні мен есін дамытуға ұмтылады, қарапайым өзін-өзі бақылауын, өз әрекеттерін реттеу қабілетін қалыптастырады. Бұған балалардан бірнеше белгілері бойынша нысандарды салыстыруды талап ететін алуан түрлі ойындар, қателерді іздестіру, есте сақтау, жалпы ережені қолдану, әрекеттерді шартымен орындау көмектеседі.

6 жастағы балалардың өзіндік сана-сезімінің маңызды көрсеткіші өзін және басқаларды бағалауы болып табылады. Өзінің келешектегі бейнесі туралы оң көзқарасы балаға өзінің кейбір кемшіліктеріне сын көзімен қарауға және ересектің көмегімен оларды еңсеруге мүмкіндік береді. Өзінің «Менін» оң қабылдау әрекеттің жетістігіне, достар таба білу қабілетіне, олардың жағымды қасиеттерін көре білуге ықпал етеді.

Балалардың тіршілік әрекетін ұйымдастыру

Мектепалды даярлық білім беру жүйесінің алғашқы сатысы ретінде мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз етеді, 6-7 жастағы балалардың зияткерлік және дене дамуына жағдай жасайды.

Мектепалды даярлықтың негізгі міндеті - балалардың мектепте оқуға ынтасын және оған эмоционалдық дайындығын қалыптастыру. Үлгілік бағдарлама балалардың мектепте білім алуына әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік-жігерлік, дене және интеллектуалдық даярлығын қамти отырып, коммуникативтік дағдыларының қалыптасуына, танымдық және әлеуметтік мотивтерінің көрінуіне, білім алуға деген құштарлығының дамуына ықпал етеді.

Үлгілік оқу жоспарына сәйкес мектепалды даярлық сыныптарда оқу жүктемесі – 24 сағатты құрайды, оның ішінде 20 сағат сабақтарға, 4 сағат

вариативтік компонентке беріледі. Мектепалды даярлық сыныптарда сабақтардың ең көп саны – төрттен артық емес, ұзақтығы 25-30 минут.

6-7 жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту білім беру салаларын кіріктіру, заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен қамтамасыз ету, білім беру процесін интерактивті құру арқылы жүзеге асырылады.

Педагог балалардың денсаулығын нығайту мақсатында белсенді қимыл әрекеті дағдыларын, дене сапаларын өздігінен жетілдіру қажеттіліктерін қалыптастыруға және дамытуға, салауатты өмір салты негіздеріне баулуға бағытталған әдістер мен тәсілдерді қолданады.

Педагог басшылық етудің мынадай тәсілдерін қолдануды жалғастырады: көрсету, түсіндіру, көтермелеу, жетекші сұрақтар, балалардың өздерін де жаттығуларды көрсетуге баулиды. Балалармен бірге жаттығуларды және ойындарды орындауда педагогтің жеке үлгісі маңызды. Педагогтың өзі түрлі қимылдарды білуі және орындауы, шаңғымен жүре білуі, конькимен сырғанау білуі, жүзе алуы, спорттық жаттығулардың түрлерін үйретудің қажетті тәсілдерін жақсы білуі тиіс.

Балалардың қимыл белсенділігінің әр түрлерін жүргізу үшін, тиісті санитарлық-гигиеналық жағдайлардың болуы: қыста жақсы желдетілген бөлмеде, жазда терезелері ашық бөлмеде немесе далада өткізілгені дұрыс.

Балалар ұйымдастырылған оқу қызметі барысында дене шынықтыруға арналған киімде болулары тиіс. Педагог ұйымдастырылған оқу қызметінің алдында ірі және ұсақ дене шынықтыру құралдарын дайындайды және оны белгіленген жерге орналастырады. Педагогтің нұсқауымен балалар өздері заттарды алады, жаттығуларды орындап болғаннан кейін оларды орнына қояды.

Дене шынықтыру ұйымдастырылған оқу қызметінің құрылымы үш бөлімнен тұрады: кіріспе, негізгі және қорытынды. Бірінші бөлімнің мақсаты - негізгі бөлімдегі тапсырмаларды орындауға ағзаны дайындау. Балаларға жүру мен жүгірудің, сапқа тұру мен қайта сапқа тұрудың түрлері, күрделі емес ойын жаттығулары ұсынылады. Ұйымдастырылған оқу қызметінің екінші бөлімі (негізгі) жалпы дамытушы жаттығуларды, негізгі қимыл түрлерін және қимылды ойындарды қамтиды. Педагог түрлі бастапқы қалыптарды: тұру, отыру, тізерлеп тұру, шалқасынан және етбетінен жатуды қолданады. Жалпы дамытушы жаттығулар белгілі бір реттілікпен: алдымен қолға және иық белдеуіне, содан соң денеге және аяқтарға арналған қимылдар орындалады, бірқалыпты жүруге ауысатын секірумен немесе жүгірумен аяқталады. Баланың бұлшық етіне айтарлықтай салмақ түсіруді, нақты орындауды талап ететін жаттығулар заттармен (гимнастикалық таяқшалармен, құрсаулармен және т.б.) орындалуы тиіс. Әр жаттығу 8-10 рет орындалады.

Балаларды негізгі қимылдармен таныстыруда осы кезеңде олар меңгеруі тиісті 1 жаңа және бекітуге 3-4 жаттығу таңдап алынады. Балалар тұрақты қимыл дағдысын меңгергеннен кейін жаттығулардың жарыстық түрі қолданылады. Балаларды командада жұмыс істеуге, командадағы достарына көмектесуге және қолдау көрсетуге үйрету керек. Онда әр бала тек ашылып қана қоймай, эмоциялық көңіл-күйін көтереді.

Қорытынды бөлімінің көлемі шағын, онда қимыл белсенділігін біртіндеп төмендетуге ықпал ететін баяу қарқынды ойындар мен ойын жаттығулары өткізіледі. Тыныс алуды қалпына келтіретін жаттығулар, күрделі емес ойын тапсырмалары қолданылады.

Дене шынықтыру ұйымдастырылған оқу қызметінде балаларды сөйлеуге, өз әрекеттерін дербес талдауға, оларды сипаттауға, сұрақтарға жауап беруге, жіберген қателіктерін байқап, түзетуге үйрету керек.

Педагог қауіпсіз мінез-құлықты тәрбиелеу міндеттерін тиімді іске асыру үшін «Қиылыстар» макетін, «Жолда жүру ережелері» картиналар топтамасын, сурет, сызба, түс, графика түріндегі белгі-бағдарларды қамтитын тақырыпқа сәйкес заттық-дамытушы ортаны құрайды.

Педагог балаларды табиғи апат кезінде қауіпсіз мінез-құлықты сақтауға, апаттық қызмет, жедел жәрдем, төтенше жағдай қызметі және т.б. телефондарын білуге үйретеді. Жұмысты ұйымдастырудың келесі түрлерін: әңгімелесулер, дидактикалық және сюжетті-рөлдік ойындар, ойын тренингтері, тақырыптық ойын-сауықтар, экскурсиялар және т.б. қолдану ұсынылады.

Меңгерген әлеуметтік қауіпсіздік дағдылары, өз денсаулығының маңыздылығын түсінуі балалардың шынайы өмірге бейімделуіне көмектеседі.

Қимыл белсенділігін арттыру мен шығармашылық қабілеттерін дамытуда жұмыстың алуан түрлері: денсаулық және спорт күні, дене шынықтыру мерекелері мен сауық-кештері, жаяу серуен, қимылды және спорттық ойындар, шаңғы тебу, шанамен сырғанау, коньки тебу және т.б. қолданылады. Педагог осы шараларды дайындап, өткізуде балалардың белсенділік танытуына жағдай жасайды.

Мектепалды даярлық сыныптарында айына 1 рет дене шынықтыру сауық-кештерін өткізу ұсынылады. Мазмұнына балаларға таныс жаттығулар, эстафета ойындары, ермек ойындары, аттракциондар енгізіледі. Дене шынықтыру мерекелері жылына 2 рет қыста және жазда өткізіледі. Мерекелерде балалар өздерінің дене дамуындағы жетістіктерін көрсетеді.

Педагог балаларды бірінің сөзін бірі бөлмеуге, әдепті түрде қарсылық көрсетуге, дауласпауға, құрдасын тыңдай білуге, олардың бір-бірімен сыпайы қарым-қатынас жасау дағдысын тәрбиелей отырып, ұжымдағы қарым-қатынас мәдениеті мен өзара қарым-қатынасқа ерекше мән береді. Педагог балалардың үлкендермен әңгімелесуінде әдептілік пен сыйластық танытуын, оған ілтипат көрсетуін қалыптастырады. Педагогке балалар қылықтарының себептерін түсіну мен оларды дұрыс бағалау маңызды.

Педагог білім беру әрекеті барысында балалардың тілдесу дағдыларын: тыңдай және айта білуін қалыптастыру мен дамытуға ықпал етеді. Ересек мектепке дейінгі жаста театрландырылған-ойын тәжірибесін тереңдету драматизация-ойындары мен режиссерлік театрландырылған ойындардың әр түрлерін игеру есебінен жүзеге асады. Драматизация-ойындары тәжірибесін тереңдетудің мәні, балалар ойындарды таңдауда неғұрлым белсенді және дербес бола бастайды.

Бала драматизация ойындарында «әртiс» ретiнде рөлді орындай отырып, өздігінен бейне жасайды. Режиссерлік ойында «әртістер ойыншықтар немесе оларды алмастырушылар болып табылады, ал бала әрекетті «сценарий авторы және режиссер» ретінде ұйымдастырып, «әртістерді» басқарады. Режиссерлік ойындардың түрлері балабақшада қолданылатын түрлі театрларға: үстел үсті, жазықтық және көлемді, қуыршақ (бибао, саусақ, марионеткалар) және т.б. сәйкес анықталады.

Мектеп жасына дейінгі ересек балалар бейнелік-ойын этюдтарымен, ойын-импровизацияларымен, ертегі қойылымдарымен қатар, соның ішінде бірнеше әдеби шығармалардан «коллаж» негізінде өздігінен спектакль қоюға қол жеткізе алады. Режиссерлік ойын тәжірибесі марионеткалар, «жанды қолдары бар» қуыршақтар, таяқ қуыршақтар есебінен байытылады.

Қойылымдардың мәтіндері күрделенеді. Оларды терең адамгершілік мағынасы және жабық сөз астарынан, соның ішінде әзіл-сықақтан ажыратады. 6 жастан асқан балалар ойындарының айқын ерекшелігі олардың ішінара сөйлеу жоспарына ауысуы болып табылады. Бұл сюжетті ойындардың әр түрлерін, соның ішінде қиял-ойындарын біріктірумен түсіндіріледі. Ол шынайы, әдеби және қиялдағы жоспарлар бірін-бірі толықтыратын, театрландырылған ойынның негізі және маңызды бөлігі болып табылады.

Педагог танымдық-зерттеушілік әрекетке қажетті жағдай жасауы тиіс. Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындалуда сенсорлық тәжірибені жинақтауға байланысты алдын-ала жүргізілетін жұмыстардың: серуенде бақылау жасау, әңгімелесулер, көркем әдебиет оқып беру, зейінді, көру қабілеті мен есін дамыту ойындары, қоршаған орта нысандарының түрлі қасиеттерімен танысу жаттығуларының маңызы зор. Балалар әрекетінің алуан түрлерін үйлестіру балалар қабылдауының барлық жүйесін: өнімді нәтиже сапасын арттыруға ықпал ететін (суреттер, қолдан жасалған заттар) көру, есту, қозғалысты іске қосады.

Ұйымдастырылған оқу қызметін өткізе отырып, оның жекелеген бөліктерін байланыстыру маңызды, ақыл-ойға түсетін салмақты дұрыс бөлуді, сабақтың түрлерін ауыстыруды қамтамасыз ету.

Педагог үнемі балалардың саяхат, серуен барысында табиғат құбылыстарын бақылай білуін дамытып, дүниетанымын кеңейте отырып, ең бастысы оларға табиғаттың маусымдық өзгерістеріндегі белгілі бір заңдылықтарды сезінуге ықпал етеді. Мысалы, «ауа – райы жылы болғанда, қар жабысқақ болады; аязда қар қатты және сықырлақ болады; жылы ауа-райында шатырда сүңгі пайда болады, ұлпа қар жауады» және т.б.

Балаларды үй және жабайы жануарлармен таныстыруда олардың тіршілік ету ортасын, тигізетін пайдасын салыстыруға және жіктеуге тапсырма беруге болады. Балалар жануарлардың тіршілігі табиғаттың маусымдық өзгерістерімен байланысты екенін игеру керек.

Балаларды топырақты тұқым себуге және отырғызуға дайындауға қатыстыра отырып, өсімдіктердің тіршілігі оның өсіп отырған жағдайына байланысты болатынын түсінуіне көмектеседі.

Балаларды тәрбиелеу мен оқытуда педагогтің негізгі міндеттердің бірі экологиялық мәдениет пен табиғатты қорғауды сезінуін, шығармашылық қабілеттерін, ойлауы мен қиялын, эмоционалдық-сезімдік аясын және эстетикалық талғамын дамытуды, өзінің ішкі жан-дүниесін көркем түрде жеткізе білуін, музыкалық-көркем әрекет және ойын арқылы өнер әлеміне баулуды және өнер құралдарымен тәрбиелеуді қалыптастыру болып табылады.

Осы жастағы балалар бейнелеу өнерінің түрлі жанрларын бағдарлай білуі, мәнерлілік құралдарын түсінуі, шығарманың мазмұнын қабылдай білуі тиіс. Педагог балалардың сурет бойынша әңгімелеп беру, халықтық сәндік-қолданбалы өнер шығармаларын, кітаптағы суреттерді, мүсінді қарастыру, дербес жұмысқа берілген уақытын реттеуі керек. Бір ұйымдастырылған оқу қызметінде бейнелеу өнерінің 1 түрін беру ұсынылады. Көрсететін материал балалардың көз деңгейіне сай орналастырылады, жарық балалардың сол жағынан түсуі тиіс. Қарастырылатын шығарма арасындағы арақашықтық 1,5 метрден кем болмауы, бірақ 4,5 метрден алыс болмауы тиіс. Балалармен жұмысты қарастыру ұзақтығы 1 минуттан артық болмауы керек.

Музыкалық іс-әрекеттің жетекші түрі тыңдау болып табылады. Педагог интонациялық-есту тәжірибесін қалыптастырудың келесі тәсілдерін қолданады:

-түрлі сезімдер мен көңіл-күйді жеткізетін музыкалық шығармаларды, бір жанрдағы қарама-қарсы шығармаларды салыстыру;

-«түс- көңіл-күй» карточкаларын қолдану;

-әуендерді табу;

-екі нұсқадағы орындауды салыстыру: жеке және оркестердің орындауы және т.б.

Педагог балалардың туған жер, Қазақстан, республикада тұратын адамдар туралы білімдерін кеңейту, «Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық идеясына негізделген патриотизм негіздерін қалыптастыру мақсатында атақты қазақ композиторларының әндерін қолданады, балалар және олардың ата-аналары белсенді қатысатын ұлттық мерекелерге арналған мерекелік іс-шараларды ұйымдастырады.

Педагог балаларды құрдастарымен және ересектермен өзара қарым-қатынастың қарапайым жалпы қабылданған үлгілері мен ережелерін орындау міндеттерін іске асыруда мақсатқа бағытталған жұмыс жүргізуі тиіс. Бұл шаралар үнемі түрлі іс-әрекеттерде: ұйымдастырылған оқу қызметінде, күн тәртібінің сәттері барысында, жеке жұмыста, мерекелерге дайындыққа қатысуда, сюжеттік-рөлдік ойындарда және т.б.жүзеге асырылады. Бұл ретте педагог мұндай жұмыс түрлерін: оқып беру, бақылау, әңгімелесу, педагогикалық жағдаяттарды шешу, жобалық іс-әрекет, балалармен жағдаяттық әңгімелесулер және т.б. қолданады.

Педагог үнемі табиғатқа тұтас көзқарасты және табиғаттағы адамның рөлін қалыптастыруға көңіл бөледі. Баланы табиғатпен таныстыруда заттар мен құбылыстар туралы білім беріп қана қоймай, табиғатқа қамқорлық қатынас дағдыларын, жер бетіндегі барлық тірі ағзалар бір-бірімен тығыз байланысты екенін түсінуін қалыптастырады. Балалар табиғаттағы байланыстар мен тәуелділіктерді орната отырып, талдауға, салыстыруға, өздерінде бар

ақпараттарды жалпылауға үйренеді. Педагог кейбір жануарлардың түрлеріне жойылу қаупі төнгенін және сол себепті олар «Қызыл кітапқа» енгізілгенін әңгімелеп береді. Қызыл түс бүкіл әлемдегі адамдарға түсінікті тыйым салу белгісі екенін түсіндіреді. Балаларға ата-аналарымен бірлесіп, өз өңірінің Қызыл кітабын құрастыруды ұсынуға болады. Педагог келесі жұмыс түрлерін: ұйымдастырылған оқу қызметі, әңгімелесулер, заттық-кеңістіктік ортаны жабдықтау, ата-аналармен жұмыс, ойын технологиялары кеңінен қолданады.

Экологиялық мәдениет нормаларын бекіту үшін балаларды ауланы жинастыруға, оны көркейтуге, ағаштар мен бұталар отырғызуға, құстарды қоректендіруге баулуы керек. Осы мақсатта келесі әдістемелік тәсілдер: бейнефильмдер көру, экологиялық және дидактикалық ойындар, жұмбақтар, байқаулар, аукциондар, экологиялық викториналар, экологиялық мерекелер, әндер, мақал-мәтелдер жаттау және т.б. кеңінен қолданылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Әдістемелік нұсқаулық жаңартылған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарына сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының тиімді іске асырылуын қамтамасыз етеді.

Осы нұсқаулық балаларды тәрбиелеу мен оқытудың келесідей бағыттарын іске асыруға:

- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында және басқа да нормативтік құқықтық құжаттарда Мемлекет басшысы айқындап берген міндеттер негізінде балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлы қамтамасыз етуге;

- білім беру салалары мазмұнын кіріктіру және мектепке дейінгі білім беру мен бастауыш мектептің сабақтастық ұстанымдарына сәйкес білім беру үдерісін сапалы қамтамасыз етуге;

- күтілетін нәтижелерге сәйкес балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейіне мониторинг ұйымдастыруға;

- мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту мәселелері бойынша педагогтер мен ата-аналарға әдістемелік көмек көрсетуді қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Аталған нұсқаулық:

- әрбір баланың қызығушылығын, сұранысын және мүмкіндігін ескеретін педагогикалық процесті құру әдістерін, түрлерін таңдауды;

- білім беру процесі субъектілері: балалармен, ата-аналармен, жұмыстағы әріптестерімен, әкімшілікпен тұлғаға бағытталған өзара әрекетті ұйымдастыра білуді;

- заттық-дамытушы ортаны тиімді қолдануға, балалардың сұранысын ескере отырып, қолда бар қормен жұмысты ұйымдастыруды;

- өздігінен білім алуға, кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыруды қамтамасыз етеді.

Әдістемелік нұсқаулық білім беру процесінде инновациялық әдістер мен технологияларды, педагогтің жеке тәжірибесінен әдістемелік әзірлемелерді қолдануға, балаларды мектепте әрі қарай оқытуға қажетті білім, білік және дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы)
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысы)
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы)
4. Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы «100 нақты қадам» бағдарламасы
5. Нұрсұлтан Назарбаев. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», сәуір 2017 жыл
6. 1 жастан 6 (7) жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 маусымдағы № 391 бұйрығы)
7. «Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 бұйрығы).

Өтпелі тақырыптардың үлгілері

1. «Балабақша» («Мектеп») – балалардың бойында балабақшаға, балаларға, ересектерге сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыруға; өзара бірлесіп әрекет етуге қызығушылықтарын оятуға бағытталған.

2. «Менің отбасым» – отбасы, ана, әке, әже, ата, аға, әпкенің рөлі; отбасы мүшелерінің міндеттері туралы; отбасындағы жағымды өзара қарым-қатынасқа тәрбиелеу, өзара көмек, отбасының барлық мүшелеріне сүйіспеншілік туралы түсініктерін кеңейтуге мүмкіндік береді.

3. «Дені саудың жаны сау» – баланың денсаулығын сақтауға және нығайтуға, мектепке дейінгі ұйымда, тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға және негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибесін, шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттіліктерін қолдана отырып, балалардың белсенді әрекетке қажеттіліктерін байытуға бағытталған.

4. «Менің Қазақстаным» – балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік, дағдыларды, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға, "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясына негізделген жалпы адамзаттық қасиеттерді, патриотизм мен толеранттылықты тәрбиелеуге ықпал етеді.

5. «Табиғат әлемі» – тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстары, маусымдық өзгерістер, өсімдіктер туралы білімдерін кеңейтуге; жануарлар, жәндіктер мен өсімдіктердің барлық түрлерін сақтаудың қажеттілігі туралы түсініктерін қалыптастыруға; табиғатпен тікелей байланысты тәжірибені игеруге; қоршаған ортаға ұқыпты қарауды және тіршілік ету ортасының маңызын түсінуге бағытталған.

6. «Бізді қоршаған әлем» – қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларына ие баланың тұлғасын дамытуды, адамгершілік нормаларын, төзімділікті және адамдарға құрмет танытуды сезінуін қамтамасыз етеді.

7. «Салт-дәстүрлер және фольклор» – Қазақстан Республикасында тұратын қазақ және басқа халықтардың салт-дәстүрлерімен таныстыруға, адамдарға мейірімді және сыйластық қатынасты қалыптастыруға бағытталған.

8. «Біз еңбекқор баламыз» – қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыруға, еңбек сүйгіштікке, еңбек адамдарына құрмет сезімдерін тәрбиелеуге, адамның қолымен жасалғанның барлығына ұқыпты қарауға; балалардың сөйлеуін, зейінін, қиялын дамытуға; шығармашылық қабілеттерін және ойлауын қалыптастыруға ықпал етеді.

9. «Әрқашан күн сөнбесін» – балалардың бойында адамгершілік қасиеттерін жақын адамдарына сүйіспеншілік, оларға қамқорлық жасауға ынтасын, өзінің туған еліне, қаласына, ауылына құштарлық сезімді, оның тарихына қызығушылықты тәрбиелеуді қарастырады.

10. «Өнер көзі – халықта» – адамгершілік-патриоттық тәрбие, өзін-өзі тану, қоршаған ортамен, Қазақстан халқының және басқа елдердің салт-дәстүрімен, өнерімен таныстыру.

11. «Мен және қоршаған орта» – табиғатпен таныстыру, экологиялық тәрбие, тіршілік әрекетінің қауіпсіздік негіздерін қалыптастыру, адамдар және олардың мамандықтарымен таныстыру.

12. «Тірі және өлі табиғат» – тірі және өлі табиғатпен таныстыру, табиғатпен өзара әрекет ету дағдыларын қалыптастыру, табиғатқа қамқорлықпен қарау.

13. «Жабайы табиғат әлемі» – ғаламшардағы флора мен фаунамен таныстыру, экологиялық тәрбие.

14. «Біз мектепке барамыз» (мектепалды даярлық топқа арналған) – мектеппен таныстыру, мектепке әлеуметтік бейімделуге даярлау.

15. «Қош келдің Алтын күз!» – күздегі табиғат құбылыстарының өзгерістерімен, Қазақстан өңірлеріндегі түрлі климаттық жағдайларымен (оңтүстік пен солтүстіктегі күзгі ауа-райы), күздің түрлі мезгілімен таныстыру: ерте күз, алтын күз, кеш келген күз – астық өнімін жинау мезгілі.

16. «Қызықты қыс мезгілі!» – қыстағы табиғат құбылыстарымен, оның өзгерістерімен, қыстың қызықты мерекелерімен және ермектерімен таныстыру.

17. «Алғашқы тамшылар» – түрлі өңірлердегі күздің түрлі мезгілімен, көктемдегі жеміс-жидектерді отырғызу, олардың табиғаттағы өзгерістерімен таныстыру.

18. «Жайдары жаз келді!» – жаздағы табиғат құбылыстарымен, оның өзгерістерімен таныстыру, жаз – адам ағзасына жеміс-жидектер арқылы келетін табиғат дәрумендерінің мезгілі.

19. «Жомарт күз»

20. «Ас атасы – нан»

21. «Жыл құстары»

22. «Жайнай бер, Қазақстаным!»

23. «Алақай, қыс келді!»

24. «Қыстайтын құстар»

25. «Қыс қызығы»

26. «Қош келдің, Жаңа жыл!»

27. «Күз сыйы»

28. «Жаңа жылдық сыйлықтар»

29. «Аңдардың қысқы тіршілігі»

30. «Қардың пайдасы»

31. «Көктем жаршысы – құстар»

32. «Жылғалардан су ақты»

33. «Ғарышқа саяхат»

34. «Жер-Ана!»

35. «Аспан әлемінің планеталары»

36. «Бір шаңырақ астында»

37. «Бейбітшілік қорғанында»

38. «Көктемгі ағаштар»

39. «Көктемгі егістік»

40. «Табиғаттың гүлденуі»

41. «Жаз да келді көңілді»

42. «Алуан-алуан кәсіп бар, таңдай біл де, талап қыл!»

43. «Техника және біз»

44. «Ертең сабақ басталады»

45. «Өнер көзі – халықта»

46. «Мен және қоршаған орта»

47. «Теңіздер мен мұхиттар әлемінде»

48. «Әрқашан күн сөнбесін»

49. «Көлік»

50. «Ғажайыптар әлемінде»